28 ҚАРАША,
2026 ЖЫЛ,
СЕНБІ
№132 (23 746)

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

Газетке жазылу

www.ortalyq.kz | www.instagram.com/ortalyq.kz/ | www.facebook.com/ortalyq.kz/ | info@ortalyq.kz

Ақтоғай: мүмкіндік, серпін, әлеует
2-бет



Бәсі биік білімпаз
4-бет



Қасымның жыры – ғасырдың нұры
8-бет



● ГАЗДАНДЫРУ

Көгілдір отынның көкжиегі

Қарағандының газдандыру картасы тағы екі шағын ауданмен толықты. Таугүл мен Күнгейде газ тарату желілерінің құрылысы аяқталып, алтыншы іске қосу кешені пайдалануға берілді. Нәтижесінде 201,1 шақырымға созылған газ желісі арқылы 4 940 тұрғын үйді табиғи газға қосуға мүмкіндік туды. Алғашқы абоненттер көгілдір отынды тұтына бастады.



Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алтыншы іске қосу кешені 2023 жылдың желтоқсанында басталған. Құрылыс барысында газ құбырлары тартылып, 4 газ реттеу пункті мен 44 шкафтық газ реттеу пункті орнатылды. Жобаның бастапқы құны 6 млрд 831 млн теңгеден асады. Ал, жобаны түзету нәтижесінде қосымша қаржы қарастырылып, жалпы шығын шамамен 9 млрд теңгеге жеткен. Қаржы республикалық бюджеттен бөлініп, кейінгі түзетулерге байланысты жергілікті бюджет қаражаты да қосылған.

Қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Мұрат Тілеубекұлының айтуынша, жобаны қайта қарауға аумақта жеке тұрғын үйлер санының артуы себеп болған. 2019 жылдан бері тағы 1 500 үй қосылып, газ желісінің қамту ауқымын кеңейту қажеттігі туындаған.

– Алтыншы іске қосу кешені – ауқымды жоба. Бастапқыда жоспарланған абоненттер санына кейін қосымша үйлер енгізілді. Соған байланысты 2025 жылы жобаны түзетіп, желіні кеңейттік. Қазір алғашқы тұрғындар газ алып отыр. Құрылыс барысында кейбір тұрғындардың аулалары абаттандырылғандықтан, асфальт пен брусчатканы бүлдірмеу үшін келісіп, бірқатар жерде көлденең бұрғылау әдісін қолдандық. Қазір алтыншы кешен аяқталды. Келесі кезекте жетінші іске қосу кешенін жалғастырып жатырмыз. Оның құрылысын 2027 жылдың төртінші тоқсанында аяқтау жоспарланған. Бұл жоба Федоров ауданынан «Алтын Арба» базарына дейінгі аумақты қамтиды, – деді Мұрат Камалиев.

Жаңа желі тек жеке тұрғын үйлерді ғана емес, әлеуметтік және қоғамдық нысандарды да газға қосуға мүмкіндік береді. Жоба бойынша 1 мектеп, 5 балабақша, 2 медициналық мекеме, үлкен мешіт, 4 спорт секциясы мен 12 таунхаус кешенін газдандыру қарастырылған. Осылайша, шағын аудандардың тұрғындарымен қатар, әлеуметтік нысандар да табиғи газды пайдалануға мүмкіндік алады.

Газ тарату желісінің көшеге дейін тартылуы – үйге газ берілді деген сөз емес. Тұрғынның жеке үйін газға қосуы үшін бірнеше кезеңнен өтуі қажет. Алдымен, техникалық шарт алып, жоба әзірлетеді. Одан кейін құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізіліп, ішкі газ жүйесі дайын болған соң «QazaqGaz Aimaq» компаниясына өтініш береді. Мамандар нысанды тексеріп, қабылдағаннан кейін газға қосу және іске қосу жұмыстары орындалады.

– Таугүл мен Күнгей шағын аудандарында құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталып, газға қосылуға мүмкіндік алған абоненттер саны шамамен 5 мың үйді қамтиды. Оның 300-ден астамы Таугүлге, 4 700-ге жуығы Күнгейге тиесілі. Қазір қала бойынша қосылуға қатысты 15 өтінім қарастырылуда. Тұрғындар газ берілгенін білген соң, келесі аптадан бастап өтінімдер көбейеді деп күтіп отырмыз, – деді «QazaqGaz Aimaq» АҚ Қарағанды өндірістік филиалының директоры Владислав Кисиков.

Оның айтуынша, тұрғындар газға қосылу үшін техникалық шартты электронды үкімет порталы egov арқылы рәсімдей алады. Алайда, кейбір жағдайда үйдің немесе жер учаскесінің құжаттары толық болмауы кедергі келтіреді. Мәселен, жерге қатысты құқық белгілейтін құжаттардың жоқтығы немесе тұрғын үйдің заңдастырылмауы газ жабдықтарын орналастыру мен қосылу рәсімін қиындатады. Сондықтан, газға қосылуды жоспарлаған тұрғындарға құжаттарын алдын ала ретке келтіру маңызды.

Ішкі газ желілерін жүргізу жұмыстары бәсекелестік орта да жүзеге асырылады. Тұрғын техникалық шарт алғаннан кейін құрылыс-монтаж жұмыстарын атқаратын ұйымды өзі таңдай алады. Жұмыс толық аяқталған соң «QazaqGaz Aimaq» мамандары нысанды қабылдап, газды қосуға рұқсат береді.

Қарағанды қаласында қазіргі уақытта 6 мыңнан астам абонент табиғи газды тұтынып отыр. Теміртау қаласында да газдандыру жұмыстары жүргізіліп, 3 200-ден астам абонент көгілдір отынға қосылған.

Таугүл мен Күнгей шағын аудандарындағы алтыншы іске қосу кешенінің пайдалануға берілуі – қаланың газдандыру инфрақұрылымын дамытудағы маңызды кезең. Ендігі міндет – желіге қосылуға мүмкіндік алған тұрғындардың үйлеріне газ тарту жұмыстарын жүргізіп, табиғи отынды тұрмыста пайдалануына жағдай жасау. Ал, 2027 жылдың төртінші тоқсанына жоспарланған жетінші іске қосу кешені газдандыру аумағын одан әрі кеңейтпек.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

«Адасқанның айыбы жоқ...»

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Құқықтық мәдениетті қалыптастыруда құрғақ түсіндіруден гөрі, нақты өмірмен таныстырудың әсері бөлек. Осы мақсатта «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында жүзеге асырылып жатқан «Құқықтық тәртіп әліппесі» жобасы бойынша Қарағанды қаласындағы жоғары оқу орындарының студенттері қылмыстық-атқару жүйесінің тыныс-тіршілігімен танысты.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Түзелуге бастайтын жол

Жастар үшін бұл – сырт көзге жабық көрінетін жүйенің ішкі жұмысын жақыннан көруге мүмкіндік берген тағылымды сапар. №31 түзеу мекемесінде студенттер мекеменің тұрғын аймағын аралап, асхана, жасақ, клуб, кітапхана және медициналық бөлімнің жұмысын жақыннан көрді. Мұндай таныстық жастарға қылмыстық-атқару жүйесінің күнделікті тыныс-тіршілігін көзбен көріп, заң талаптарын бұзудың салдары мен жауапкершілігін тереңірек түсінуге ықпал етері хақ.

Ал, кәсіпкерлер мекеменің өндірістік аймағын аралап, мұнда жүзеге асырылып жатқан жұмыстарға назар аударды. Өндіріс орындарының қызметімен танысу барысында сотталғандарды еңбекпен қамту және кәсіпкерлік субъектілерімен әріптестік орнату мүмкіндіктері де қарастырылды. Бұл бағыттағы жұмыстардың барлығы бір мақсатқа тоғысады. Ол – құқық бұзушылықтың алдын алу, заңға құрмет қалыптастыру және қоғам қауіпсіздігін нығайту.

№31 мекемеге аттанар алдында-ақ бұл сапардың өзгеше болатынын сезіндік. Себебі, мұнда кірудің өзі бірнеше кезеңнен тұрады. Алдымен мекемеге баруға рұқсат алу үшін тиісті құжаттар тексеріледі. Жеке куәлік деректері алдын ала ұсынылып, келушілер туралы мәліметтер қаралады. Тек рұқсат берілгеннен кейін ғана мекеме аумағына аяқ басуға мүмкіндік бар. Алғашқы бақылау-өткізу бекетіне келгенде құжатымыз қайта тексерілді. Қызметкерлер келушілердің жеке басын анықтап, рұқсат қағаздарын салыстырады. Бұл тексерістен өттік дегенше, бірден ішке ене қоя алмайсың. Алда тағы бірнеше бақылау кезеңі күтіп тұр. Әкімшілік ғимаратқа қарай өткеннен кейін қауіпсіздік шаралары күшейе түседі. Арнайы құрылғымен тексеріліп, сканерден өтесің. Жеке заттар да бақылаудан тыс қалмайды. Бір есіктен өтсең, арғы жағынан келесісі қарсы алады. Темір есіктердің ар жағында тағы бір бақылау бекеті орналасқан. Қызметкерлер әр келушінің құжатын қайта сәйкестендіріп, жеке басын тексергеннен кейін ғана келесі есіктен өтуге рұқсат береді. Бір қызығы, мұның бәрі бір ретпен шектелмейді. Бірнеше мәрте тексеріліп, әр бақылау кезеңінен жеке өтуге тура келеді. Бір есік жабылмайынша, екіншісі ашылмайды.

Айналаңды темір тор қоршап, әр қозғалысың қызметкерлердің назарында болады. Құжатыңды өткізіп, соңғы тексерістен өткеннен кейін ғана ішке қарай жол ашылады. Содан соң бізге бекітілген қызметкерді күтіп, оның ілесуімен мекеме аумағына өттік. Сырт көзге бұл талаптардың көптігі таңғалдырады. Алайда, мұнда әрбір бақылаудың өзіндік себебі бар. Қауіпсіздік мәселесінде ұсақ-түйек болмайды. Бір қарағанда қайталанатындай көрінетін тексерістердің барлығы мекеме ішіндегі тәртіпті сақтау мен келеңсіз жағдайлардың алдын алуға бағытталған.

Қылмыстық-атқару жүйесінің қарамағында қауіпсіздік деңгейі әртүрлі 10 мекеме және 19 аумақтық пробация қызметі жұмыс істейді. Оның тоғызы Қарағанды облысында, біреуі Ұлытау облысының Жезқазған қаласында орналасқан. Бүгінде аталған мекемелерде 4 493 адам жазасын өтеуде. Оның 515-і тергеу изоляторында болса, 3 978-і – сотталған азаматтар. Ал пробация есебінде 14 057 адам тұр.

➤ 3-бет

БАСПАСӨЗ-2027

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2027 жылға жазылу науқаны басталды. Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар, барлығы – бір газетте.
«Ortalyq Qazaqstan» – сенімді ақпарат, салмақты сараптама!

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Баламалы жазылым	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)		«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	12 айға 15 500 теңге	6 ай	16 109,75	11 162,53
		12 ай	32 219,50	22 325,06
Жеке жазылулар үшін	12 айға 7000 теңге	6 ай	7 529,07	6 912,53
		12 ай	15 058,14	13 825,06

Жеңілдікті тарифтер 25 қазаннан 25 қарашаға дейін (жылдық жазылым)

Санаттар	Баламалы жазылым 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	11 500	27 219,50	16 825,05
Жеке жазылулар үшін	5800	12 858,13	11 725,05

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-778-846-00-01, 8-705-902-04-05.
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Каспи QR арқылы жазылуға болады

«Ortalyq Qazaqstan» – әр шаңырақта!

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімделеді. «Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) баламалы жазылу жүргізіледі.

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Ақтоғай: мүмкіндік, серпін, әлеует

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Ақтоғай ауданына жұмыс сапарымен барып, бірқатар әлеуметтік-инфрақұрылымдық нысандардың жұмысымен танысты. Сондай-ақ, аудан тұрғындарымен кездесіп, елдімекендердегі өзекті мәселелерді талқылады. Жол, су, электр желілері, газдандыру, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, интернет байланысы мен денсаулық сақтау саласындағы түйткілдер ортаға салынды. Кездесу барысында аудан әкімі Абылай Аманжолов жыл көлемінде атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар жөнінде баяндады.



Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Инфрақұрылым игілігі

Аудандағы өзекті мәселелердің бірі – электр желілерінің тозуы. Оны шешу үшін иесіз электр желілерін жауапты мекеменің балансына өткізу жұмыстары қолға алынған. Бүгінде 315 нысанның жер актілері мен техникалық құжаттары толық рәсімделіп, «ЖезРЭК» АҚ-на өткізуге дайындалған. Жыл соңына дейін бұл жұмыс аяқталмақ. Сонымен қатар, Ақтоғай, Қуаныш, Ақтас, Сәуле, Үшарал, Шашубай және Ортадересін ауылдарында электр желілері мен трансформаторлық қосалқы станциялар орнатылған.

Аудан орталығында ауызсу мәселесін шешу бағытында да маңызды жұмыстар атқарылуда. Ақтоғай ауылындағы су құбыры құрылысының төртінші кезегі аяқталуға жақын. Құны 1 млрд 98 млн теңге болатын жоба іске қосылған соң тағы 128 тұрғын үй орталықтандырылған су жүйесіне қосылады. Ауылда кәріз желілерінің құрылысы да жалғасуда. Жоба құны – 5 млрд 108 млн теңге.

Ал, Шашубай кентінде қуаттылығы 10 МВт болатын жаңа қазандықтың құрылысы басталды. Оны 2027 жылы пайдалануға беру жоспарланған. Индустриялық инфрақұрылым аясында Кежек ауылдық округіндегі «Сарыөзек» және «Бақырбай» қыстақтарын электрмен жабдықтау, сондай-ақ Балқаш көлінен Тесіктас кен орнындағы байыту фабрикасына дейін су құбырын тарту және сорғы станцияларын электрмен қамтамасыз ету жобалары толық аяқталған.



Тұрғындармен кездесуде көтерілген негізгі мәселелердің бірі – жолдардың жай-күйі. Биыл облыстық маңызы бар «Ақтоғай-Балқаш» автожолының 15 шақырымында орташа жөндеу басталды. Жұмыстар кезең-кезеңімен жүргізіліп, 2028 жылы аяқталмақ. «Ақтоғай-Шылым-Ақжарық» жолының бұған дейін 20 шақырымы жөнделсе, биыл тағы 15 шақырымында жұмыс басталған. Келесі жылы жолды толық аяқтау көзделген. Бектауата ауылына кіреберістегі 12 шақырым жол жөнделіп, пайдалануға берілді. Шашубай кентіндегі 1,9 шақырым ішкі жолды жөндеу жұмыстары басталды. Ортадересінге кіреберіс жолды ағымдық жөндеуге 70 млн теңге бөлінген. Жалпы, аудан жолдарын күтіп ұстау мен жөндеуге 1 млрд 468 млн теңге қарастырылған. Бұдан бөлек, «Ақтоғай-Балқаш» жолының 110 шақырымын, «Ақтоғай-Нұркен» бағытының 96 шақырымын және аудандық маңызы бар бірқатар жолды жөндеуге облыстық басқармаға өтінім берілді. Тұрғындар бұрын жөнделген жолдардың ауыр жүк көліктерінен бүлінуіне де алаңдаушылық білдірді. Осыған байланысты облыс әкімі салмақ өлшеу бақылауын күшейтіп, жол жүру талаптарының сақталуын қатаң қадағалауды тапсырды.

Ауданда су тасқынының алдын алу және төтенше жағдайларға дайындық жұмыстары жалғасуда. 2025 жылы осы бағытта 13 инженерлік іс-шара орындалған. Биыл жоспарланған 12 шараның 11-і аяқталып, жыл соңына дейін толық бітіру көзделіп отыр. Жоспардан тыс тағы үш іс-шара жүзеге асырылуда.

Биылғы дала өрттері өрт қауіпсіздігін күшейту қажеттігін көрсетті. Осыған орай, ауылдарда өрт сөндіру бекеттерінің желісі кеңейтілуде. 2025 жылы Ақтас ауылында, биыл Нұркен ауылында бекет ашылды. Жыл соңына дейін Жалаңаш ауылында ашу жоспарланған. Ал 2027 жылы Сарытерек, Абай ауылдық округтері мен Сарышаған кентінде жаңа бекеттер салу көзделіп отыр.

Мемлекеттік қолдаудың шарапаты

Аудан экономикасының маңызды тірегі – ауыл шаруашылығы. Өндірілетін өнімнің 56 пайызы мал шаруашылығына, 44 пайызы өсімдік шаруашылығына тиесілі. 2025 жылы жалпы өнім көлемі 43 млрд теңгені құраған. Биыл бұл көрсеткішті 6 пайызға арттыру жоспарланған. Ауданда асыл тұқымды мал өсірумен 15 шаруашылық айналысады. Оларда 4105 бас асыл тұқымды аналық ірі қара және 6170 бас асыл тұқымды ұсақ мал бар. Былтыр 13 шаруа қожалығына 77,8 млн теңге субсидия берілсе, биылғы қолдау көлемін 380 млн теңгеден асыру көзделіп отыр.

«КазАгро» институттары мен «Ауыл аманаты» бағдарламалары арқылы өткен жылы жалпы сомасы 634 млн теңгені құрайтын 77 жоба мақұлданған. Нәтижесінде шаруалар 152 бас ірі қара, 40 ауыл шаруашылығы техникасы мен 25 аспалы қондырғы сатып алған. Ауданда бірнеше инвестициялық жоба да жүзеге асырылуда. Кежек ауылдық округіндегі «Global Beef Products» ЖШС-нің 600 млн теңгелік ангус тұқымды ірі қара өсіру жобасы аясында екі мал базасы жаңартылып, мал басы 650-ге жеткен. Жоба толық қуатына шыққанда 24 жұмыс орны ашылып, жылына 240 тонна сиыр етін өндіру жоспарлануда. Жидебай ауылдық округіндегі «САПА МІХ» кооперативі 500 млн теңгеге 200 гектар суармалы жерді айналымға енгізген. Оның 150 гектарына судан шөбі, 50 гектарына жоңышқа егілген. Жоба толықтай іске қосылды.

Ал, 2027 жылы Ақтоғайда 120 млн теңгеге шағын жүн өңдеу цехын ашу, Қараменде би ауылдық округінде 150 млн теңгеге 200 басқа арналған мал бордақылау алаңын салу жоспарланған. Тасарал ауылдық округіндегі «Қызыл Қазақ» ЖШС 100 млн теңгеге балық өңдеу цехын жаңғыртуды көздеп отыр.

Өнеркәсіп саласында да өсім бар. Ауданның негізгі кәсіпорындары – «Алтыналмас АК» АҚ, «Балқаш тау-кен», «Балқашбалық», «Алтыналмас Technology» және «Ирказ Металл Корпорациясы» ЖШС. Биылғы он айда өнеркәсіп өнімінің көлемі 434 млрд теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 21 пайызға артқан. Қазір ауданда жеті жер қойнауын пайдаланушы тұрақты жұмыс істейді. Индустрияландыру картасына енгізілген бес ірі жобаның екеуін биыл желтоқсанда іске қосу жоспарланып отыр. Олар – Тесіктас кен орнында мыс концентратын өндіретін «BMT Holding Limited» жобасы және «Каскырказган mineral resources» ЖШС-нің мыс катодын өндіру зауыты. Жаңа кәсіпорындарға мамандарды қабылдау басталған.

Барлық мәселе – бақылауда

Кездесу барысында тұрғындар ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу, газдандыру, интернет байланысының сапасы және медицина мамандарының тапшылығы мәселелерін де көтерді. Облыс әкімі жергілікті шараларды қолдап, ірі кәсіпорындармен байланысын нығайту қажеттігін атап өтті. Интернет сапасына қатысты байланыс операторларымен жұмыс жүргізуді тапсырды. Ал, елдімекендерді «Сарыарқа» магистральдық газ құбырына қосу мүмкіндігі қарастырылуы мүмкін екенін, алайда, бұл мәселе құбырдың өткізу қабілетіне байланысты шешілетінін жеткізді.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Өкілетті органның өңірлік мазмұны

Ел көлемінде жүзеге асырылып жатқан саяси реформалардың мәні жергілікті жердегі нақты өзгерістерден көрініс табуға тиіс. Бұл тұрғыда халықтың талап-тілегін билікке жеткізіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты шешімдер қабылдайтын мәслихаттардың орны айрықша. Жергілікті өкілді органдардың өкілеттігі кеңейген сайын депутаттық корпусқа жүктелетін жауапкершілік те арта түседі. Бұл мәселені академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінде өткен «Мәслихаттардың өңірді дамытудағы рөлі» атты дөңгелек үстелде сарапшылар салмақтады. Басқосуда еліміздің жаңа саяси жүйесіндегі мәслихаттардың орны, жергілікті өзін-өзі басқарудың келешегі және депутаттардың халықпен байланысы төңірегінде келелі пікірлер айтылды.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өкілеттік пен жауапкершілік

Алдағы мәслихат сайлауы қарсаңында ұйымдастырылған басқосуға Қазақстан Халық Кеңесінің мүшелері, ғалымдар, қоғам қайраткерлері, этномәдени бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдардың жетекшілері, қоғамдық кеңес мүшелері, саясаттанушылар және «Талдау» мектебінің сарапшылары қатысты.

Жиынды жүргізген Ғалымжан Құсманғали алда өтетін мәслихат депутаттарының сайлауы жаңа Конституцияны қабылдаудан басталған өкілді билікті жаңғырту үдерісінің маңызды кезеңі екенін атап өтті.

– Кейінгі 23 жылда алғаш рет мәслихат депутаттарының сайлауы Парламент сайлауынан бөлек өткізіліп отыр. Мұның өзіндік мәні бар. Бұл жолғы сайлау науқанында жергілікті мәселелерге, тұрғындардың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне тікелей қатысты жол, ауызсу, жылу, абаттандыру жұмыстарына басымдық берілуде. Қазір Қарағанды облысындағы 196 бірмандатты сайлау округі бойынша 612 кандидат тіркелген. Демек, бір депутаттық мандатқа орта есеппен 3,1 үміткерден келеді. Биыл жазда қабылданған заңнамалық өзгерістерге сәйкес мәслихаттардың өкілеттігімен қатар, депутаттардың жауапкершілігі де артып отыр. Мәселен, депутаттық сауалға жауап беру мерзімі 15 күнтізбелік күнге дейін қысқартылды. Әр депутат өз округінің сайлаушыларымен жылына кемінде екі рет кездесуге міндетті. Сондай-ақ, ауылдар мен кенттердің бюджетінде қалатын мүлік салығының үлесін енді аудандық мәслихат айқындайды. Бұл өкілеттіктер сайлаудың өзінен емес, заңнан туындайды. Ал сайлау сол өкілеттіктерді кімнің және қаншалықты кәсіби деңгейде жүзеге асыратынын айқындайды, – деді Ғалымжан Құсманғали.

Парламент Мәжілісінің бұрынғы депутаты, Қарағанды қалалық мәслихатында ұзақ жылдар еңбек еткен қоғам қайраткері Құдайберген Бексұлтанов еліміздің жаңа саяси жүйесіндегі мәслихаттардың орнына тоқталды.

– Бүгінде Конституция, конституциялық заңдар және басқа да заңнамалық актілер мәслихаттарға жауапкершілікті толыққанды өз мойнына алып, халықпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Алайда, ең маңыздысы – сайлаушылармен тұрақты байланыс орнату. Депутат халықтың алдына шығып, олардың пікірін тыңдап, қабылданған шешімдерді түсіндіріп, өткір мәселелерден жалтармауы керек. Адамдар өз өкілін танып, оған кез келген уақытта жүгіне алатынын білуі тиіс, – деді Құдайберген Бексұлтанов.

Ал, университеттің археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD докторы Нұртас Смағұлов мәслихаттардың конституциялық мәртебесі мен нақты өкілеттіктерін тарқатты. Жаңа Конституцияның 88-бабына сәйкес аумақты дамыту жоспарлары мен бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және оның атқарылуы туралы есептерді бекіту мәслихаттардың құзыретіне жатады.

Ғалымның пайымынша, мәслихат жергілікті мәселелер талқыланатын алаң ғана емес, қабылданған шешімдердің орындалуын бақылайтын институт ретінде де пәрменді жұмыс істеуге тиіс. Бұл үшін депутаттың өзі сайланған аумақтың әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін жетік білуі, тұрғындармен тұрақты байланыс орнатып, атқарған жұмысы жөнінде есеп беруі маңызды.

Жергілікті бастаманың маңызы

Басқосуда жергілікті өзін-өзі басқару институтының келешегі де кеңінен сөз болды. Университеттің философия және психология факультетінің деканы, PhD докторы Анар Мақатова Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің 1993 жылдан бергі қалыптасу кезеңдеріне шолу жасап, басқаруды орталықсыздандырудың әкімшілік, қаржылық және саяси бағыттарына тоқталды.

Сарапшының назар аударған мәселелерінің бірі – төртінші деңгейдегі бюджет. Ауылдар, кенттер мен ауылдық округтердің қаржысын қамтитын бұл бюджет жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісілгеннен кейін аудандық мәслихаттың бекітуіне ұсынылады. Мұндай тетік елдімекеннің күнделікті қажеттіліктерін ескеріп, қаражатты басым бағыттарға жұмсауға мүмкіндік береді.

Мәселен, белгілі бір елдімекенде жол жөндеу, көше жарығын орнату немесе балалар ойын алаңын салу қажеттігі туындаса, сол жердің тұрғындары қай жұмыстың кезек күттірмейтінін жақсы біледі. Сондықтан, бюджет қалыптастыру кезінде жергілікті жұртшылықтың ұсыныстарын ескеру қаражатты нақты қажеттілікке бағыттауға септігін тигізеді.

Жиында депутаттық қызметтің күнделікті өмірдегі көрінісіне қатысты нақты мысалдар да келтірілді. Абыз ақсақал, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Тұңғышбай Мұқан өз сөзінде Майқұдықтағы №4 емхана маңында цемент зауытын салуға байланысты бұрын туындаған мәселені еске алды.

– Кезінде Майқұдықтағы №4 емхана мен мектептің маңынан цемент зауытын салу көзделген еді. Өндіріс орнынан шығатын шаң-тозаңның адам денсаулығына әсерін ойлаған тұрғындар алаңдаушылық білдірді. Сол кезде Құдайберген Бексұлтанов депутат ретінде араласып, мәселенің заң аясында шешілуіне, кәсіпорынның бір шақырымдай алыс жерге көшірілуіне ықпал етті. Міне, депутаттық қызметтің нақты нәтижесі дегеніміз – осы. Тағы бір мысал келтірейін. Аталған емхана негізгі көшеден бір жарым шақырымдай қашықтықта орналасқан. Қыстыгүні көлік жүретін жол қардан тазартылғанымен, жаяу жүргіншілердің жолы кейде назардан тыс қалып жатады. Ол жермен жасы егде кісілер, балаларын ерткен аналар жүреді. Бір қарағанда, болмашы дүние секілді. Бірақ, тұрғындар үшін бұл – күнделікті кездесетін қиындық. Депутат осындай мәселелерді халықтың ортасында жүріп, өз көзімен көріп, көңілге түюі керек. Тиісті мекемелерге сауал жолдап қана қоймай, мәселенің ақырына дейін шешілуін қадағалағаны жөн. Ол үшін халық қалаулысының өз ұстанымын ашық білдіре алуы, әкімшілікке немесе жекелеген мүдделерге тәуелді болмауы маңызды. Депутат халықтың қажетіне жарайтын осындай істерді атқарса, елдің оған деген сенімі де арта түседі, – деді Тұңғышбай Мұқан.

Депутаттық жауапкершілік төңірегінде Қазақстан Халық Кеңесінің мүшесі, «Lituaniса» литвалық этномәдени бірлестігінің төрағасы Виталий Тварионас та пікір білдірді. Еркін пікір алмасу барысында мәслихат жұмысына жастарды, түрлі саланың кәсіби мамандарын тарту мәселесі де көтерілді. Жиынды қорытындылаған модератор Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың мәслихат депутаттарының III республикалық форумында айтқан, депутаттардың халық пен билік арасындағы көпір болуы қажеттігі туралы сөзін еске салып өткенін айта кету керек.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

«Адасқанның айыбы жоқ...»

(Соңы. Басы 1-бетте)



Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті режим, қадағалау және күзет бөлімінің бастығы, әділет майоры Назарбек Армияның айтуынша, бүгінгі таңда Қарағанды және Ұлытау облыстарындағы он түзеу мекемесі 6,5 мыңнан астам бейнекамерамен қамтылған.

– Бейнебақылау жүйелері тәулік бойы жұмыс істеп, мекемелердегі қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Камералар адамның бет-жүзін, көлік нөмірін тану, белгіленген шекарадан өту әрекетін анықтау мүмкіндіктеріне ие. Сондай-ақ, камераны жабуға немесе оның жұмысына кедергі келтіруге әрекет жасалған жағдайда дабыл белгісі беріледі. Әр мекемеде бейнебақылау операторлары жұмыс істейді, ал, барлық ақпарат ахуалдық орталықтар арқылы бақыланады. Қызмет атқарып келе жатқаныма екі жыл болды. Осы уақыт аралығында қашуға әрекет жасау деректері тіркелген жоқ. Жалпы, тәртіп бұзушылықтар да жыл сайын азайып келеді. Сотталғандар да, қызметкерлер де бейнебақылаудың тәулік бойы жүргізілетінін жақсы біледі. Сондықтан, құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алуға мүмкіндік мол, – дейді ол.

Еңбек – түзелуге бастайтын жол

Мекеменің өндірістік аймағына келгенде сотталғандардың еңбекке тартылған. Мұнда түрлі кәсіпорын жұмыс істеп, азаматтар қабілеті мен мамандығына қарай еңбек етеді. Бұл бағытта өңірдің бірқатар өндірістік кәсіпорнымен әріптестік орнатылған. Атап айтқанда, «Qarmet» АҚ, «Железобетонный партнер» және «Кирпич» ЖШС кәсіпорындарымен бірлесіп, сотталған азаматтарды жұмыспен қамтуға жағдай жасалған. Жұмыс берушілер аумағында тұрып еңбек ететіндердің саны 100-ден асады.

Бұл ретте «Еңбек-Қарағанды» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының да үлесі зор. Мекемелердегі өндірістік қызметті дамыту және жаңа келісімшарттар жасасу арқылы жұмыс орындарын кеңейту көзделген. Жасалған келісімшарттардың жалпы көлемі шамамен 9 миллиард теңгені құрайды. Мұндай жұмыс орындары сотталғандарға еңбек тәртібін меңгеріп, кәсіби машығын жетілдіруге мүмкіндік береді. Ең бастысы, бостандыққа шыққаннан кейін де сол дағдысын пайдаланып, тұрақты жұмысқа орналасуына негіз қалайды.

№31 мекеменің өндірістік аумағында да бірнеше кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді. Мұндағы жұмыс тек бір бағытпен шектелмейді. Тігін және жиһаз бұйымдарын өндіру, металл өңдеу, электр есептегіштерді құрастыру секілді жұмыстар жолға қойылған.

– Сотталғандарды еңбекке тарту – олардың түзелуіне, кәсіби дағдыларды меңгеруіне және бостандыққа шыққаннан кейін қоғамға бейімделуіне ықпал ететін маңызды бағыттардың бірі. Мәселен, №31 мекемеде қазіргі таңда жазасын өтеп жатқан 802 адамның 465-і еңбекпен қамтылған. Мекеме аумағында өндірістік қызметпен айналысатын 14 жеке кәсіпкерлік және серіктестік жұмыс істейді. Олардың қатарында «Qarmet», «QarmetService», сондай-ақ, электр есептегіштерді құрастырумен, металл және тігін бұйымдарын, жиһаз өнімдерін өндірумен айналысатын кәсіпорындар бар. Бүгінде мұнда тігін және жиһаз бұйымдары шығарылып, электр есептегіштер құрастырылады. Мәселен, «Qarmet» кәсіпорнында 72 сотталған азамат еңбек етеді. Алдағы уақытта кәсіпорын жұмыс орындарының санын арттырып, еңбекке тартылғандар қатарын көбейтуді жоспарлап отыр. Тағы бір маңызды мәселе – сотталғандардың жазасын өтеп болғаннан кейін де жұмыспен қамтылуына мүмкіндік жасау. Мәселен, кейбір азаматтар жазасын өтеген соң «Qarmet Service» кәсіпорнына қайта жұмысқа орналасып жатады. Бұл олардың қоғамға бейімделуіне және тұрақты табыс табуына жол ашады. Қазіргі таңда мекемедегі еңбекке тартылған азаматтардың айлық жалақысы 85 мың теңгені құрайды, – деді сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру бөлімінің бастығы, әділет майоры Жұлдыз Рысмағанбет.

Бұл жерде еңбектің мәні тек өндірілген өнім мен табыста емес. Бір кездері кәсіби мамандығын ұмытуға мәжбүр болған азамат үшін қайтадан еңбекке араласу – қалыпты өмірге оралуға жасалған алғашқы қадам.

Темір тордағы тіршілік

Өндірістік аумақтан кейін тұрғын үй аймағына бет алдық. Атауы айтып тұрғандай, бұл – сотталғандардың күнделікті өмір сүретін орны. Мұнда жатын бөлмелер, асхана, демалыс орындары және тұрмысқа қажетті басқа да бөлмелер орналасқан. Әр нысанның өз қызметі бар, ал күнделікті тіршілік белгіленген тәртіппен жүреді. Сырт көзге түрме өмірі тек камералар мен темір тордан тұратындай көрінуі мүмкін. Алайда, мұнда да күнделікті тұрмысқа қажетті жағдайлар қарастырылған. Сотталғандар өздерінің тұрғылықты орындарын реттеп, тазалық сақтауға, ортақ шаруаларды атқаруға қатысады. Сотталғандардың рухани дамуына, білімін жетілдіруіне және әлеуметтік бейімделуіне бағытталған мәдени-ағартушылық жобалар да жүзеге асырылуда. Соның бірі – «Шекарасыз оқу» жобасы. Оның мақсаты – кітап оқуға қызығушылықты арттыру, дүниетанымды кеңейту, тұлғалық дамуға ықпал ету. Кітап оқуға ынталандыру жүйесі сотталғандарды көтермелеу тетіктерімен де сабақтасады. Ал, «Қақпа алдындағы кездесу» әлеуметтік жобасы жазасын өтеп шыққан азаматтарды қоғамға қайта бейімдеуге бағытталған. Жоба аясында мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен әлеуметтік қолдау көрсету, жұмысқа орналастыру және қалыпты өмірге оралуына жәрдемдесу көзделген.

Түзелу жолында адамның тек еңбекпен қамтылуы жеткіліксіз. Оның ішкі жан дүниесіне үңіліп, психологиялық жағдайына да көңіл бөлу қажет. Сондықтан, мекемелерде әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету жұмыстары қатар жүргізіледі. Тағы бір маңызды бағыт – радикалданудың алдын алу және тиісті қолдауды қажет ететін азаматтармен жұмыс жүргізу. Осы мақсатта №30 мекемеде дерадикалдандыру орталығының арнайы ғимаратының құрылысы қолға алынған.

Қауіпсіздік һәм жаңғыру

Қазіргі кезеңде қылмыстық-атқару жүйесінің тиімділігі заманауи технологияларды қаншалықты игергенімен де өлшенеді. Осыған байланысты мекемелерде бейнебақылау жүйелері жаңғыртылып, қауіпсіздікті қамтамасыз етудің цифрлық мүмкіндіктері кеңейтілуде. Пробациялық бақылау саласында да цифрлық құралдар қолданысқа енгізілуде. Электрондық бақылау құрылғылары мен ақпараттық жүйелер есепте тұрған азаматтардың белгіленген талаптарды сақтауын қадағалауға, бақылау сапасын арттыруға және қайта құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған. Материалдық-техникалық жабдықтау да назардан тыс қалған жоқ. Ішкі істер министрлігі басшылығының қолдауымен қызметтік автокөліктер паркі жаңартылып, қызметкерлердің мобильділігі мен жедел әрекет ету мүмкіндігі артып келеді.

Заң талаптарын мінсіз орындау үшін заманауи техникамен жарақтану жеткіліксіз. Ең алдымен, кәсіби даярлығы жоғары, құқықтық сауаты мол, жауапкершілігі берік мамандар қажет. Осы мақсатта департаментте қызметкерлердің біліктілігін арттыруға және практикалық машығын жетілдіруге басымдық берілген. Мекемелердің оқу инфрақұрылымы дамып, қызметтік дағдыларды іс жүзінде пысықтауға арналған оқу полигоны ашылған. Қызметкерлердің кәсіби даярлығын жетілдірумен қатар, заңнаманы дұрыс қолдану және құқықтық сауаттылықты арттыру жұмыстары жүргізілуде. Бұл ретте Қарағанды облысының әкімдігі тарапынан департаменттің 70-тен астам қызметкерін «Құқықтану» мамандығы бойынша даярлауға арналған мақсатты мемлекеттік білім беру тапсырысы бөлінген. Оқу Шахтинск технологиялық колледжінің базасында ұйымдастырылған. Бұл бастама қызметкерлердің кәсіби құзыретін нығайтып қана қоймай, олардың мансаптық өсуіне де мүмкіндік береді. Сонымен бірге, тергеу әрекеттерін жүргізу және қылмыстық процеске қатысушылармен өзара іс-қимыл жасау жағдайлары жетілдірілуде. Тергеу изоляторында адвокаттар мен келушілерге арналған қосымша кабинеттер жабдықталған.

Қылмыстық-атқару жүйесінің бүгінгі даму бағыты бір ғана міндетпен шектелмейді. Мұнда қауіпсіздік, заңдылық, кәсібилік, цифрландыру және адамды қоғамға қайта бейімдеу өзара сабақтасып жатыр. Әрбір жаңартылған кабинет, ашылған жұмыс орны, меңгерілген мамандық пен енгізілген технология – осы үлкен өзгерістің бір бөлшегі. Өйткені темір есіктің ар жағында да ертеңге деген үміт бар. Ал сол үміттің ақталуы адамның өз таңдауына ғана емес, оның түзелуіне мүмкіндік беретін жүйенің жұмысына да байланысты. Заңның талабы – жауапкершілікке шақыру, ал жазаның түпкі мақсаты – адамды қателігінен сабақ алуға жетелеу. Қоғам қауіпсіздігі де, қылмыстың қайталанбауы да осы ұстанымның қаншалықты жүзеге асатынымен өлшенбек.

Суреттерді түсірген **Александр МАРЧЕНКО**

ҚАРАҒАНДЫ

• ҚҰҚЫҚ

Бірыңғай жүйемен бақыланады

Қоғамдық көліктің аялдамаға уақытылы келмеуі, бір бағыттағы автобустардың бірнеше минут аралықпен қатар жүруі немесе қозғалыс кестесінің бұзылуы – жолаушылар жиі кезігетін мәселелердің бірі. Енді Қарағандыда бұл олқылықтардың алдын алу үшін қоғамдық көлік қозғалысын бірыңғай диспетчерлік жүйе арқылы бақылау жоспарланып отыр.

Қазіргі уақытта қала тұрғындарын тасымалдау қызметін алты автобус паркі қамтамасыз етеді. Әрбір тасымалдаушы өзіне тиесілі бағыттар бойынша жұмыс жүргізгенімен, олардың қозғалысын бір орталықтан үйлестіру қажеттілігі туындап отыр. Жаңа жүйе автобустардың орналасқан жерін нақты уақыт режимінде бақылауға, бағыттағы көлік санын анықтауға және қозғалыс кестесінің сақталуын қадағалауға мүмкіндік береді. Жобаның алғашқы кезеңінде 170 автобус арнайы GPS-трекерлермен жабдықталған. Алдағы уақытта құрылғыны барлық қоғамдық көлікке орнату көзделген. Соның нәтижесінде диспетчерлер әр бағытта қанша автобустың жүргенін, олардың кестеге сәйкестігін және қозғалыстағы ауытқуларды жедел анықтай алады.

Мәселен, белгілі бір бағытта кесте бойынша жеті автобус жүруі тиіс болса, диспетчер олардың барлығы желіге шыққан-шықпағанын тексере алады.

Жүйені енгізудің келесі кезеңінде автобустарға планшеттер орнату жоспарланған. Оның көмегімен жүргізушілер қозғалыс кестесінен қаншалықты озып немесе кешігіп келе жатқанын көріп, диспетчерлік қызметтен хабарлама ала алады.

Бұдан бөлек, автобус жолда бұзылып, бағыттан шығып қалған жағдайда диспетчер келесі көлік жүргізушілеріне ескерту жібере алады. Осылайша, жолаушылар көп жиналған аялдамаларға қосымша автобус бағыттау мүмкіндігі қарастырылған. Жүргізушілерге көшелердің жабылуы мен жол жағдайындағы өзгерістер туралы ақпарат беріледі.

Өз тілшімізден

ҚАРАҒАНДЫ

Кептелістен технология құтқарады

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Қарағандыда қарбалас уақытта көліктердің жолда кідіру уақытын шамамен 40 пайызға қысқартуға мүмкіндік беретін жаңа жүйе сынақтан өтіп жатыр. Жасанды интеллект көмегімен бағдаршамдардың жұмысын өзара үйлестіруді көздейтін пилоттық жоба қаланың 7-магистралінде қолға алынды. Мамандардың болжамы іс жүзінде расталса, жүргізушілердің бағдаршам алдында аялдау жиілігі азайып, жол қозғалысы біршама жеңілдемек.



Сурет ЖИ

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қаладағы көлік кептелісін азайту үшін жол инфрақұрылымын жетілдірумен қатар, қолданыстағы қозғалысты басқару жүйесінің мүмкіндіктерін тиімді пайдалану да маңызды. Өйткені, жолдың өткізу қабілеті оның еніне немесе көлік санына ғана емес, бағдаршамдардың жұмыс тәртібіне де тікелей байланысты. Осы тұрғыда цифрлық технологияларды қолдану көлік қозғалысын оңтайландырудың жаңа мүмкіндіктеріне жол ашып отыр.

Цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Константин Ильницкийдің айтуынша, жасанды интеллект бағдаршамдармен бейнебақылау камераларынан алынған деректерді біріктіріп, көлік ағынын реттеудің тиімді тәсілдерін ұсынады.

– Камералар әр жолақтағы көлік санын есептейді. Нейрожелі қозғалыс қарқындылығы мен бағдаршамдардың қолданыстағы жұмыс режимдерін талдап, жолдың әр учаскесіне арналған оңтайлы параметрлерді ұсынады, – деді Константин Ильницкий.

Пилоттық жоба аясында 7-магистральдің Терешкова көшесінен Стартовый тұйық көшесіне дейінгі аралығы таңдап алынған. Аталған учаскеде алты бағдаршам нысаны орналасқан. Ендігі міндет – олардың жұмысын өзара үйлестіріп, қарбалас уақытта көліктердің бір жерде шамадан тыс шоғырлануына жол бермеу.

Цифрлық модельдеу нәтижесінде аталған учаскедегі кептелістің негізгі себептерінің бірі бағдаршамдардың өзара үйлесімсіз жұмыс істеуінен екені анықталған. Мәселен, Камская көшесімен қиылыстағы бағдаршам мен ХМК ауданындағы реттелетін жаяу жүргіншілер өткелінің арасы небәрі 81 метр. Алайда, екі нысанның әртүрлі режимде жұмыс істеуінен жүргізушілер осынау қысқа аралықта екі рет тоқтауға мәжбүр. Мұндай жағдай көлік ағынының қарқынын бәсеңдетіп, әсіресе, таңертеңгі және кешкі мезгілде кептелістің ұлғаюына ықпал етеді.

Жаңа жүйенің ерекшелігі – бағдаршамдардың жұмысын әрқайсысы бойынша жеке емес, тұтас жол учаскесіндегі қозғалыс қарқындылығына қарай үйлестіруінде. Яғни, бір бағдаршамнан өткен көлік легінің келесі бағдаршамға жету уақыты ескеріліп, жасыл шамның жану тәртібі соған сәйкес реттеледі.

Мамандардың есебінше, жаңа тәсіл таңертең солтүстік бағытта қозғалған көліктердің аялдау санын үштен бірге дейін азайтуы мүмкін. Ал, Карл Маркс көшесінен шығатын жүргізушілердің басым бөлігі жасыл шамның қайта жануын күтпей, қиылыстан бір сигналмен өту мүмкіндігіне ие болмақ.

Бағдаршамдардың жаңа жұмыс тәртібі әзірге жұмыс күндері қарбалас уақытта, яғни, таңғы сағат 07:00-ден 10:00-ге дейін және кешкі 16:30-дан 19:30-ға дейін қолданылады. Өзге уақытта, сондай-ақ, демалыс күндері қозғалысты реттеудің бұрынғы тәртібі сақталады.

Қазіргі уақытта мамандар жасанды интеллект ұсынған шешімдерді тікелей жол жағдайында сынақтан өткізуде. Пилоттық жоба аяқталған соң цифрлық модельдеу кезінде жасалған болжамдар нақты көрсеткіштермен салыстырылып, жүйенің тиімділігі бағаланады.

Бүгінде Қарағандыдағы жол қозғалысын басқарудың бірыңғай жүйесіне 233 бағдаршам қосылған. Оның оны көлік ағынына қарай бейімделетін режимде жұмыс істейді. Ал, 7-магистральдегі пилоттық жобаның оң нәтиже беруі осы тәжірибені қаланың өзге де көлік қозғалысы қарқынды учаскелерінде қолдануға негіз болмақ. Себебі, кептелісті азайту – жолдың өткізу қабілетін арттыру ғана емес, тұрғындардың уақытын үнемдеп, қалалық ортаның қолайлылығын қамтамасыз етудің де маңызды шарты.

Дегенмен, жол қозғалысын цифрлық реттеудің тиімділігі тек көліктердің жүру жылдамдығымен өлшенбейді. Мұнда жүргізушілердің уақытын үнемдеумен қатар, жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету де маңызды. Әсіресе, қозғалыс қарқыны жоғары көшелерде бағдаршамдардың жұмыс тәртібін өзгерту кезінде көлік пен жаяу жүргіншілер ағынының өзара үйлесімін сақтау қажет. Сондықтан, пилоттық жобаның нәтижесін бағалауда көліктердің қиылыстардан өту уақыты, аялдау жиілігі және жолдың жалпы өткізу қабілетімен бірге қозғалыс қауіпсіздігі де назардан тыс қалмауға тиіс.

Жалпы, қалалардағы көлік кептелісі тек Қарағандыға тән мәселе емес. Автокөлік саны артқан сайын жол инфрақұрылымына түсетін салмақ та ұлғая түседі. Мұндайда әр көшені кеңейту немесе жаңа жол салу арқылы ғана мәселені шешу мүмкін емес. Қолда бар инфрақұрылымды тиімді пайдалану, қозғалысты нақты деректер негізінде басқару барған сайын өзекті бола бермек. Осы тұрғыдан алғанда, Қарағандыдағы пилоттық жоба – қалалық көлік жүйесін басқарудағы жаңа тәсілдің алғашқы қадамы. Ал, оның қаншалықты нәтижелі болатынын күнделікті жолға шығатын жүргізушілердің тәжірибесі мен нақты көрсеткіштер айқындайды.

ҚАРАҒАНДЫ

• ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Бәсі биік білімпаз

Кешелі бері әлеуметтік желіде «17 жастағы қазақ баласы әлемдік рекорд орнатты» деген сүйінші жаңалық кеңінен тарады. Жасөспірімнің жетістігіне біз де қуандық. Әсіресе, кейбір ақпарат көздерінде оның Қарағандыда білім алатыны айтылған соң, жаңалыққа деген қызығушылығымыз арта түсті. Ақпаратты зерделей келе, үздік нәтижеге қол жеткізген оқушының Қарағанды қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы Хәкім Бекішев екенін білдік. Ол шетелдік жоғары оқу орындарына түсуге мүмкіндік беретін SAT халықаралық емтиханында мүмкін болған 1600 балдың барлығын жинап, әлемдік рекордты қайталап отыр.

Жас талапкердің жетістігімен жақынырақ танысып, алдағы жоспарлары мен дайындық барысы туралы сұрап көріп едік. Олай болса, назарларыңызға ұсынамыз.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Ең алдымен, ерекше жетістігіңізбен құттықтаймыз! SAT ерекшелігі туралы айтып өтсеңіз…

– SAT – шетелдегі беделді жоғары оқу орындарына түсу кезінде талап етілетін халықаралық стандартталған емтихан. Оған 2 сағат 15 минут уақыт беріледі. Осы аралықта 98 сұраққа жауап беруің керек. Оның 54-і ағылшын тіліне қатысты. Яғни, оқу және жазу сауаттылығын тексеріледі. Ал, қалған 44 сұрақ математика пәнінен. Барлық тапсырма ағылшын тілінде.

Мен емтихан барысында барлық сұраққа дұрыс жауап беріп, ең жоғары – 1600 балл жинадым. Биыл облыс көлемінде бұл нәтижеге қол жеткізген жалғыз оқушы болдым. Былтыр бізден бір сынып жоғары оқыған Кәрім Мұхаділ 1590 балл жинаған еді. Айта кетейін, Билл Гейтс те SAT емтиханынан 1590 балл, ал, Марк Цукерберг 1600 балл алған деген деректер бар. Сондықтан, өзімді «Әлемдік рекорд орнаттым» деп айта алмаймын. Дұрысы, бұрынғы жоғары нәтижені қайталадым деген жөн болар.

– Емтихан нәтижесін естіген сәттегі шынайы эмоцияңыз түсірілген видео әлеуметтік желіде кең тарап кетті…

– Шынымды айтсам, өзім де мұндай нәтиже күтпедім. Емтиханды аяқтаған соң сол сәтті естелік ретінде бейнежазбаға түсіріп алғым келген. Нәтижені көрген кезімде қуанғанымнан не істерімді білмей қалдым. Қазір сол бейнежазбаны қайта қарап, өзіме күліп қоямын.

Жалпы, Назарбаев Зияткерлік мектебіне өз білімім мен күшімнің арқасында түскенмін. Кейін Master Education оқу орталығының NIS Alumni бағдарламасы аясында тегін дайындалуға грант жеңіп алдым. SAT емтиханынан жоғары нәтиже көрсетуіме осы орталықтағы дайындықтың ықпалы зор болды. Ең жоғары балл жинағаным үшін оқу орталығы маған соңғы үлгідегі iPhone сыйлады.

– Қолыңызда сертификат бар. Ендігі мақсат қандай? Қай елдің жоғары оқу орнына түскіңіз келеді?

– Ағылшын тілімнің деңгейі – C1. Болашақта қаржы және экономика саласының маманы болғым келеді. Қазір АҚШ, Гонконг және Қытайдағы жетекші университеттерге түсу мүмкіндіктерін қарастырып жүрмін. Тіпті, Гонконг университетіне қажетті құжаттардың бір бөлігін тапсырып қойдым. Қабылдау нәтижесі қаңтар айында белгілі болады деп күтіп отырмын.

Алдағы уақытта шетелде білімімді жетілдіріп, тәжірибе жинақтағым келеді. Біраз уақыт сол жақта жұмыс істеп, кәсіби тұрғыдан қалыптасу – қазіргі басты мақсатым. Содан соң туған еліме оралып, алған білімім мен жинаған тәжірибемді Қазақстанның дамуына жұмсауды ойлап отырмын.

– Бүгінгі жастардың өмірінде телефон мен әлеуметтік желінің орны ерекше. Сіздіңше, бұл құбылыс жастардың білімге деген қызығушылығына қалай әсер етеді?

– Меніңше, бұл – заманның талабы. Қазір технологиясыз өмірді елестету қиын. Дегенмен, әлеуметтік желі мен телефонды тиімді пайдалана білу маңызды. Өйткені, оларды шектен тыс қолдану жастардың кітап оқуға, білім іздеуге деген қызығушылығын төмендетуі мүмкін. «Кітап – білім бұлағы» деген сөздің мәні ешқашан жойылмайды. Сондықтан, цифрлық мүмкіндіктерді пайдаланумен қатар, кітап оқуды да ұмытпауымыз керек деп ойлаймын. Мен өз басым дайындық жұмыстарына кемі екі сағатымды арнаймын. Менде де әлеуметтік желі бар. Бірақ, оны дұрыс пайдаланамын.

– Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңізге рақмет! Алдағы білім жолыңызға сәттілік тілейміз.

Сұхбаттасқан
Ербол ЕРБОЛАТ
«Ortalyq Qazaqstan»

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

• БАСПАСӨЗ – 2027

Басылым беделі биіктей береді

Бүгінде ақпарат ағыны қос қолымыздағы смартфонның көгілжім экранына ойысқалы, баспасөз қадірі мен оқу мәдениеті жаңаша сипат алғаны аян. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев алға тартқан «Оқитын ұлт» тұжырымдамасы – ойлы орта қалыптастырудың, тарихи жады мен ұлттық парасатты сақтаудың стратегиялық бағдары. Мұндай өрелі мақсаттың нақты іспен өрбіген бір көрінісі «Жазылушылар күнінде» айшықты аңғарылды. «Қазпошта» акционерлік қоғамы Қарағанды облыстық филиалының директоры Сымбат Құдайбергенов бастаған ұжым мен өңірдің беделді басылымдарының өкілдері мәртебелі оқырманымен еменжарқын жүздесті.



Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жазылым науқанының қызған шағына дөп келген келелі шара барысында аймақ журналистері мен баспагерлер, редакторлар бас қосты. Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің бас редакторы, жазушы Ерсін Мұсабек, «Индустриальная Караганда» газетінің редакторы Станислав Песнев, «Кент» баспа үйінің басшылығы және «Телурис ЛТБ» ЖШС директоры Сергей Федоренко сынды зиялы тұлғалардың көпшілікпен қауышуы баспасөздің қоғам алдындағы ашықтығын тағы бір мәрте айқындады.

– Мұндай кездесулердің мәні ерекше. Өйткені, басылымның басты бағдары – оқырман. Бүгін сол оқырмандарымызбен жүздесіп, пікір алмасудың сәті түсіп отыр. Сондай-ақ, «Қазпошта» ұжымымен әріптестік қарым-қатынасты бекемдеп, жыл бойы баспасөзді халыққа уақытылы жеткізуге еңбек сіңірген пошташыларға құрмет көрсету де – біз үшін үлкен қуаныш. Газетке жазылушылар санын арттыру бағытында да ізденісіміз толастаған емес. «Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің қолдауымен түрлі жеңілдіктер мен акциялар өткізіп, басылым мен оқырман арасындағы байланысты нығайтуға ден қойып келеміз, – деді Ерсін Мұсабек.

Жазылым науқанына арналған дәстүрлі кездесуде пошташылар алғаусыз алғыс алды. Кездесудің жарқын сәттерінің бірі – өз ісіне жауапкершілікпен қарап, басылымдардың оқырманға дер кезінде жетуіне еңбек сіңіріп жүрген пошташыларды марапаттау рәсімі болды. Осы орайда «Қазпошта» акционерлік қоғамы Қарағанды облыстық филиалының қызметкерлері Кульбаршан Бажеева, Айжан Ержанова мен Раиса Бачурская «Saryarqa Aqparat» медиахолдингі директоры Қайрат Әбілданың Алғыс хаты және арнайы әзірленген кәдесыймен марапатталды.

– Бүгінгі басқосуға келіп жатқан жұртшылықтың көптігі көңіл қуантады. Мұның өзі оқырманның газет-журналға деген ықыласы әлі де жоғары екенін аңғартады. Біздің міндетіміз – сол қызығушылықты одан әрі арттырып, басылым мен оқырман арасындағы байланысты нығайту. Алдымызда жазылым көрсеткіштерін жақсарту, халыққа сапалы қызмет көрсету бағытында бірқатар жұмыс тұр. Соның бәрін жүйелі жүзеге асыруға күш саламыз, – деді «Қазпошта» акционерлік қоғамы Қарағанды облыстық филиалы директорының орынбасары Ғанибет Әубәкіров.

Мерзімді басылымдар адамның күнделікті таным мен талғамын тәрбиелейді. Тұрақты оқу әдетін орнықтырады. Аптасына бірнеше рет қолына газет-журнал алатын жан ақпаратты үзік-үзік қалпынан тыс, жүйелі әрі терең қабылдауға дағдыланады. Өңірлік және республикалық басылымдар туған жердің тарихын, еңбек адамының бейнесін, тіл тазалығын назарда ұстайды.

– Бүгін «Ortalyq Qazaqstan» газетіне алғашқылардың бірі болып жазылдым. 95 жылдық терең тарихы бар басылымның орны мен үшін ерекше. Аймақтың бас басылымы өңірдің тыныс-тіршілігінен хабардар етіп, ел ішіндегі елеулі жаңалықтарды дер шағында жеткізеді. Газет оқу – жақсы дәстүр, рухани қажеттілік. Баспасөз майталмандарына шығармашылық табыс, қаламдарына қуат тілеймін. Оқырмандарыңыздың қатары қалыңдап, ормандай болсын! – деп лебіз білдірді оқырман Анар Құспанова.

Газет парағын ашқан сәтте оқырман тек жаңалықпен танысып қоймай, тұтас бір дәуірдің тынысына үңіледі. Қағазға қатталған сөздің қадірі де осында. Ақпарат құралдары түрленіп, оны тарату арналары өзгергенімен, ойлы сөзге деген сұраныс жоғалмақ емес. Өйткені, баспасөз – уақыттың куәгері, қоғамның шежіресі.

Сурет автордан

Ескі ғимараттағы жаңа мүмкіндік

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 35 ЖЫЛ

Кеңестік дәуірдің мейрамханасы болған бұл ғимарат талай өзгерісті бастан өткерді. Бір кездері мұнда мейрамхана қонақтары бас қосса, кейін гастрономның сөрелері тауарға толды. Уақыт өте келе, ол Нұра ауданы тұрғындарының күнделікті тіршілігіне етене араласқан сауда орнына айналды. Алайда, жылдар ғимарат сәулетіне өз ізін қалдырмай қойған жоқ. Қабырғасы ескіріп, ішкі кеңістігі жаңаруды қажет ететіндей жағдайға жетті. Осыдан жеті ай бұрын жұмысын уақытша тоқтатқан супермаркет енді жаңарған келбетімен есігін айқара ашты. Бұл – ескі ғимаратқа жаңа өң беру ғана емес, 25 жылға жуық уақыт бойы қалыптасқан кәсіптің жаңа кезеңге қадам басуы.



Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нұра ауданының орталығындағы «I&N» супермаркетінің тарихы 2000 жылдан басталады. Ибрахим Абайұлы сол жылы ғимаратты сатып алып, кәсіпкерлікке қадам басқан. Алғашында сауда орны «Динара» атауымен жұмыс істеді. Кейін мұнда кафе ашылып, бірнеше жылдан соң қызмет бағыты қайта өзгерді. Шамамен жеті-сегіз жыл өткеннен кейін нысан супермаркет форматына көшті. Содан бері 12-13 жыл бойы аудан тұрғындарына қызмет көрсетіп келеді.

Кәсіпкер ғимаратты сатып алған кезде нысан бос тұрған. Алғашқы жылдары оны ретке келтіріп, күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге тура келді. Кейінгі жылдары сауда орнының қызметі де, ішкі құрылымы да біртіндеп өзгеріп, тұрғындардың күнделікті қажеттіліктерін өтейтін орталыққа айналды.

Кәсіп иесі Ибрахим Абайұлының айтуынша, соңғы ауқымды жаңарту жұмыстары 2011 жылы жүргізілген. Содан бері сауда орны күнделікті жұмысын жалғастырып, аудан тұрғындарына қызмет көрсетіп келді.

– Бұрынғы едені кеңестік кезеңнен қалған мәрмәр болатын. Қазір оны толықтай жаңартып, керамогранит төседік. Қабырғаларын түзеп, ішкі құрылымын өзгерттік. Кейбір қабырғаларды алып, есіктердің орнын ауыстырдық. Барлығын тұтынушыларға ыңғайлы болатындай етіп жасадық, – дейді Ибрахим Абайұлы.

Мамыр айында басталған жөндеу жұмыстары барысында ғимараттың бір бөлігі кеңейтіліп, алдыңғы жағына қарай шамамен төрт метрге созылды. Ішкі бөлмелердің орналасуы қайта қаралып, киреберіс пен есіктері сауда жасауға қолайлы етіп өзгертілді. Жөндеу жұмыстарына бастапқыда шамамен 25 миллион теңге жұмсау жоспарланған. Дегенмен, құрылыс барысында қосымша жұмыстардың көлемі артып, шығын да көбейген. Кәсіпкердің айтуынша, ғимаратты жаңғырту жұмыстарына жұмсалған қаражат көлемі 45-50 миллион теңгеге дейін жеткен.

– Қазір жөндеу жұмыстарына жұмсалған шығын 45 миллионнан асып, 50 миллион теңгеге жуықтауы мүмкін деп отырмыз. Материалдардың бағасы да қымбат. Тіпті, асфальт төсеудің өзіне қомақты қаражат жұмсалды, – дейді кәсіп иесі.

Жеті айлық үзіліс кәсіп үшін оңай болмағаны анық. Табыс шектеліп, шығын еселенді. Қаржы айналымы тоқтады. Дегенмен, Ибрахим Абайұлы табандылық табысты еселейтініне бек сенімді.

Жаңартылған супермаркеттің басты ерекшеліктерінің бірі – мұнда саудамен қатар тұтынушылардың тынығып, жеңіл тамақтануына да жағдай жасалмақ. Кәсіпкердің айтуынша, жаңа форматта кулинария бөлімі ашылады. Сонымен бірге, фойеге шағын үстелдер қойылып, кофе мен шай ішуге болатын кафетерий ұйымдастыру жоспарланған. Бұл жобаның өзіндік тиімділігі бар. Өйткені, аудан орталығына күн сайын алуан түрлі шаруамен келетін шалғай ауыл тұрғындары үшін дүкеннен қажетті заттарын алып қана қоймай, жолай тынығып, жеңіл тамақтануға мүмкіндік туады.

Ибрахим Абайұлы үшін кәсіпкерліктің мәні тек сауда жасап, табыс табумен шектелмейді. Оның пайымынша, елдің ортасында кәсіп жүргізген адам айналасындағы жұрттың да жағдайына бейжай қарамауы керек. Сондықтан, ол сауда орнын дамытумен қатар, қайырымдылық шараларына да тұрақты түрде атсалысып келеді.

Атап айтқанда, супермаркет тарапынан әр жұма сайын аз қамтылған отбасыларға тегін нан таратылады. Бұл – сырт көзге қарапайым ғана көрінгенімен, күнделікті тұрмысында қолдауға мұқтаж жандар үшін мәні зор игі іс. Бұдан бөлек, қасиетті Рамазан айында да қайырымдылық жұмыстары назардан тыс қалмайды. Мешіт арқылы ораза кезінде игі шаралар ұйымдастырылып, мұқтаж жандарға қолдау көрсетіледі. Мұндай сауапты шаралардан супермаркет иесінің қалыс қалған кезі жоқ.

Кез келген кәсіптің ұзақ жылдар бойы жұмыс істеуі үшін тек ғимаратты жаңарту жеткіліксіз. Оның артында тұрақты ұжым, қызмет көрсету сапасы және тұтынушылардың сенімі тұрады. Қазіргі уақытта супермаркетте шамамен 10 адам еңбек етіп жүр. Алдағы уақытта тағы 12-15 адамды тұрақты жұмыс қамту жоспарланған.

Супермаркеттің жаңаруы тек ғимараттың ішкі бөлігімен шектелмеген. Тұтынушылар үшін көлік тұрағы жасақталып, барынша қолайлылық ұсынылып отыр.

Тарихы кеңестік кезеңнен басталып, бірнеше буынның күнделікті тіршілігімен біте қайнасқан ғимарат енді жаңа келбетімен аудан тұрғындарын қайта қарсы алуға дайын. Ескі ғимараттың ішкі-сыртқы келбеті жаңарғанымен, оның халыққа қызмет ету деген бастапқы мақсаты өзгерген жоқ.

Нұра ауданы

Суреттер автордан

• ТАҒЗЫМ

Арқаның ардақтысы

(очерк)

Елдің құрметінен бағалы марапат бар ма? Ал, ел сенімін ақтап, мыңдаған көңіл, жүздеген жүректің ықыласына бөлену үшін де қабілетіңнен бөлек қасиетің де керек екен. Ол үшін адалдық керек. Адал пейіл, таза жүректің абырой асуына төте жол шығаратын құндылық екенін сезінетін сана керек. Еңбеккорлық та тәжірибеге сүйенеді. Ел үшін елеңдеп отыратын елгезектігің болмаса, адал ниет қайдан бастау алсын?!

Мен білетін Төлеутай Мінапасұлы Шахарбаев – осынша ізгі қасиетті бойына жинап, ел құрметіне бөленген қайраткер тұлға. «Ақырын жүріп, анық басудың» (Абай) шынайы үлгісіне айналған ағаны абырой асуына алып шыққан ең ерекше қасиеті – адалдығы. Елін елжірей сүйді. Халқына адал қызмет етті. Рушылдық, жершілдік деген рухани вирустарға жүрегінен де, жанынан да орын бермеді.

Міне, жүйрік уақыт, қатыгез жалған осындай ел асылын арамыздан мәңгіге алыстатып, біз Төлеутай аға туралы өткен шақпен әңгімелеуге мәжбүр болдық... Десек те, Төкеңнің өнегелі өмірі өкініш табын сезіндірмейді. Арына дақ түсірмей, ардақты атанды. Биік парасат, терең білімімен елағасы болды. Қарапайым қалпымен қадірі асып, абыройы асқақтады. Тағдыр жолын тағылыммен тамырландырып, тал бесігінен жер бесігіне дейінгі ала-бажақ өмірдің сапарында қызыл-жасылға қызықпай, елімен етене жақын ғұмыр кешкен Арқаның ардақтысы бір жылдан бері ел жүрегінде өмір сүріп жатыр.

Ерсін МҰСАБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бастау

Замана желінің екпіні күшейіп тұр. Одақ құрамынан шығып, Тәуелсіздігін жариялап жатқан бұрынғы одақтас республикалардың қатары көбейіп барады. Компартияның тағдыры – қыл үстінде.

Қарқаралы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Төлеутай Мінапасұлы Шахарбаев атшаптырым кабинетінде жалғыз отыр. Ой үстінде. Санасына шырмалған ауыр ойлар ердің жасын еңсеріп қалған хатшының түйсігін түрткілеп, мазасын алып бағуда. Егін орағы қызған шақ. Бірақ, бұрынғыдай дерек сұрап, дегбірін алып, мәлімет сұрап, мән айтып жатқан облыс жоқ. Жоғарыдағыларға жоспар орындалмаса да, бәрібір сияқты. Тек қана Төлеутай Шахарбаевқа бәрібір емес. Шаруашылықтар жанар-жағармай тапшылығынан діңкелеп тұр. Қосалқы бөлшек те қорадағы малды қорқаудай жалмап барады. Сауда-саттықтың бартер деген «барымтасы» басталғалы бері қаладағы саудагердің бар ынтасы шаруашылықтың күйлі малына ауып алған. Жетпіс төрт жыл билік құрған партияңнан қауқар қайтты, білем.

Ұшы-қиыры жоқ терең ойдың құрсауында отырған бірінші хатшы орнынан ширақ қозғала тұрып, кабинетте ары-бері жүрді. Ормандай ойдан арылар емес.

Шаруашылықтардың есепшотында көк тиын жоқ. Күн сайын қарыздары еселеніп жатыр. Орталық Комитеттен күй қашып, Одақтан береке кетті. Іргедегі Семей полигонынан тараған радиацияға уланып, денсаулығынан айырылған халықтың күйзелісі – анау. Осы ауданға басшы болып келгелі, өңір халқына жәрдемақы тағайындатпақ болып, кірмеген есігі, аттамаған табалдырығы қалмаған. Компартияның әлсірегені соншалық, хатшының қолында харттамалық тапсырмадан басқа ештеңе қалмады. Ол харттамадағы тапсырманың өзі орындалып жатса қане? Сауал – көп, жауап – жоқ. Мүлде түсініксіз бір уақытқа тап болды. Ертең Алматыда өтетін Қазақстан Компартиясының XVII съезіне жол жүрмек. Съезд делегаты ретінде мәртебелі жиынға қатысып, партияңыздың тағдырын шешуге үн қоспақ. Тарап тынатын шығар бұл партия.

Алыс жол, жауапты сапарға шығарда Сеңкібай атасының немесе Оразғұл бабасының басына барып, аруақтарға дұға оқуды ертеден дағдыға айналдырған еді. Бірақ, бұрын түнделетіп немесе демалыс күндері қызметтік көлікпен емес, сенімді адамдардың көлігімен баратын. Өйткені, кеңестік жүйенің қаһарлы кезінде дінге пейіл танытуға, ата-баба аруағына тағзым етуге, қатаң тыйым салынған. Төкең сияқты партиялық басқару қызметінде жүргендерді былай қойғанда, үлкен кісілер Аллаға деген құрметі мен құлшылығын жасырын жасайтын. Төкеңнің де баба мазарына тығылып барып, куәсіз зиярат ететіні сондықтан еді.

Бүгін тағы сапарға шықпақ. Бұл жолы өзінің абыройы немесе қарақан басының қамы үшін емес, мынау өткелең шақтағы қиындықтан халқының қиналмауы үшін Алладан медет, баба аруағынан қолдау сұрайды.

Неткен парасат десеңші!

Иығындағы жауапкершілік жүгі ауыр болатын. Бір әулеттің үлкені болғандықтан, ата-ана үміті, елдің сенімі, ағайынның тілеуі... Осының бәрі жеңіл жүк емес еді. Мойымай көтеріп келеді.

Өкінері жоқ. Ел алдында да, ұрпақ алдында да жүзі жарқын, ары таза.

Алатау бөктеріндегі ару қала Алматыға аманат арқалап бара жатыр.

***

...Әлі есінде, 1958 жылы мектеп бітіріп, жоғары оқу орнына түсуге дайындалып жүрген. Алайда, адам баласы кейбір кезде өзінің тағдырына үстемдік ете алмай, пенденің қалауы емес, Алланың бұйрығы болып жатады ғой. Бозбала Төкеңнің де, талапкер Төкеңнің де арман-мақсаты аяқасты болып, өмірі мүлде басқа арнаға бұрылып сала берген.

Әкесі Түшкен аяқ астынан ауыр дертке шалдығып, әулет басына қара бұлт үйіріле қалды. Шіркін, Түшкен әкесі қандай еді?! Арнаулы білімсіз-ақ атқа мініп, ел басқарған, халыққа жаққан азаматтың асылы еді ғой. Отызыншы жылдардың зобалаңында – аштығы бар, қуғын-сүргіні бар, қиналған елдің жанашыры болған жайсаң жан еді ғой. Енді ғана аяғынан тік тұрған шаруашылық меншігін шашау шығармай, басқарудың шебер тәсілін меңгерген майталман еді ғой. Төкеңнің әкесінің сұрапыл соғыс жылдарындағы жанқиярлық еңбегін қалай ұмытуға болады? Бір көзінің кемістігіне байланысты соғыстан броньмен қалса да, майданға ел атынан жөнелтілген әскери ұшаққа қомақты қаржы қосып, тылдағы еңбектің ерен үлгісін көрсеткенін ел ұмытқан жоқ. Тіпті, майдан даласынан эвакуацияланған украин баласы Коляны жетімдер үйіне жібермей, өз бауырына салып, үлкен баласы ретінде асырап-баққанын айтсаңызшы... Неткен мейірбан жүрек иесі еді?!

Ардақты әкенің жомарт жүрегі соғуын тоқтатқанда, төбелерінен жай түскендей есеңгіреп қалған әулеттің естияры да бозбала Төлеутай болатын. Отбасының барлық ауыртпалығы Коля ағасы екеуіне түсті. Арманындағы Алматының жолы жабылды. Оқуға баруға мүмкіндік қалмады. Сөйтіп, 16 жасар бозбала үшін Алматы институтының сынағынан емес, өмірдің сынағынан өту керек болды. Өзі армандап жүрген Алматы мал дәрігерлік институтының емес, өмір университетінің сабағы басталды.

Асқар таудай Әкесінің қазасы. Аймақ жұртының алдындағы Әке абыройы сол бір қаралы жиында-ақ аңғарылған. Жер қайысар ел жиналып, адал еңбегімен ел алдында еңселі ғұмыр кешкен Түшкен әкесінің тіршіліктегі жақсылығын, жомарттығын, өр мінез, өнегелі болмысын аңыздай ақтарып, ақтық сапарына шығарып салған. Сонда небары 16 жастағы бозбала жылап тұрып, жұбаныш тапқан. Мойнына «Жақсы әкенің баласы» деген жауапкершілік жүктелгенін сезініп еді-ау...

Сол жауапкершіліктен бір сәтке де жырақ кетпеді. Мектеп бітіре салып, механизатор болып, темір тұлпар тізгінін ұстады. Зеректігі болар, техника тілін тез меңгеріп, алып трактордың өзі тақымында тайдай ғана болып қалды.

Шоферлық курсқа шаруашылық жолдамасымен барып, жүк көлігіне отырды. Салық инспекторы болып, есеп-қисаптың да сырына қанықты. Айналдырған екі-ақ жылда осынша еңбек жолын еңсеріп үлгерген жігерлі жігіт оқу туралы жиі ойлана бастады. Марқұм Қамар анасы да сұңғыла адам еді. Бір күні шәй үстінде:

– Балам, сенің мектеп бітіргеніңе екі жыл болып қалды. Енді қарайып қаласың. Жинақталып, оқуға түскенің дұрыс болар... Ауылдағы шаруашылыққа Қожаның қызметтегі адам ғой. Бір шарапаты тиер, – деді марқұм анасы сабырлы кейіпте.



Алматы барды. Ағасы, сол кездегі Қазақстан Комсомолы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Тәңірберген Машеевтің бағыт сілтеуімен оқуға құжат тапсырды. Аға бағыт берді, Алла бақ берді. Оқуға түсіп, студент атанды.

Самғау

1965 жыл. Ару Алматыға қош айтып, қолына дипломын алған жас маман туған жері Қарағанды облысының Қарқаралы ауданына жолдама алған күні ерекше қуанған. Ауылға барады. Кешегі жас бала емес, жас маман. Жесір ана, жетім бауырларына бас-көз болып, әулеттің бұл жоқта көтерген ауыр жүгін жеңілдетеді. Қарындастары мен бауырлары да есейіп қалған. Оларды оқыту керек.

Туған ауылы – қазақтың дауылпаз ақыны Қасым Аманжолов туған топырақ. Ұсақтықты кешірмейтін ұлы мекен. Жат жерде қызмет істегеннің өзіндік ауырлығы болатын шығар. Бірақ, өз туған жеріңде қызмет етудің жүгі одан екі есе ауыр болмаса...

Жүрегінде толқу, көңілінде алаң бар. Елге жақындаған сайын, алаң көңілі абыржуға ұласып келе жатқандай. Бұл – жас маманның жасықтығы немесе жалтақтығы емес, жауапкершілікті жантәнімен сезіне білетін сұңғылалығы. Кеудесін кернеген елге, отбасына деген сағыныш бір сәтте су сепкендей басылады да, қалың ойға шомады. Осыдан бес жыл бұрын институтқа емтихан тапсырғанда дәл бұлай қобалжымаған. Десек те, бұл жолы қобалжитын жөні бар. Өйткені, ертеңнен бастап шынайы өмірдің сындарлы сынағымен, сәт сайын қайталана беретін бұралаң-бұлтарысымен бетпе-бет келеді. Сол үшін алаңдап келеді. Білімі терең болғанымен, тәжірибесі аз.

Иә, қасиетті Қарқаралысы Төкеңді «Балам келді» деп емес, «Маман келді» деп қарсы алды. Ел үмітін ақтайтын ері келді. Туған елдегі алғаш қызметке орналасқан сәтінен бастап, Төлеутай Мінапасұлының самғау кезеңі басталған.

***

Төлеутай Шахарбаев «Фрунзе» совхозына бас мал дәрігері болып тағайындалды. Төкеңнің кіндік қаны тамған «Сарыобалы» ауылы – осы совхоздың бөлімшесі. Ауданның бірінші хатшысы Михаил Шаяғзамұлы Шаекин де – республикадағы ең жас хатшылардың бірі. Ауданның саяси басшылығына жаңа ғана сайланған. Өзі жас болғаннан кейін емес, аға буын мамандардың көбінде арнаулы жоғары білімі болмағандықтан, Михаил Шаяғзамұлы жас мамандарға ерекше қолдау көрсетеді екен. Басшының бұл ұстанымы – жас мамандар үшін зор мүмкіндік.

Хатшының қабылдауында болып, ел ағасының тілектес пейілін таныған Төлеутай Мінапасұлына Михаил Шаекиннің ұстанымы да, болмысы да қатты ұнады. Әсіресе, жанарының өткірлігін, салмақты сөз, мінезіндегі шешімталдық қасиеттерін бірден аңғарды. Жас та болса, мақсаты айқын, ұстанымы берік екен. Нығырлап сөйлеп, сабырмен салмақтайтын талабында да тау бұзардай екпін бар.

– Бүгінгі талап – мал басын өсіру. Ал, мал басы өсу үшін біздің шаруашылықтар мал індетінен толық арылу керек, Төлеутай мырза! Мен Сізге осы талап үдесінен толық шығады, мемлекет меншігін, қоғам малын ауырудан арашалауға қабілет-қарымыңыз толық жетеді деп сенемін! Іске сәт! Біздің тарапымыздан қандай да бір көмек, қолдау қажет болып жатса, айтарсыз, – деп, қолын қысып тұрып, сәттілік тілеп шығарып салды.

Жұмысқа кірісіп кетті. «Фрунзе» совхозының экономикалық көрсеткіштер жаман емес. Совхоз директоры Хакім Абсалямов – өте іскер, шебер ұйымдастырушы. Аудан басшыларының тапсырмасын жіті қадағалап, мемлекеттік міндеттеменің орындалуына қатаң бақылау жасайды. Шаруашылықта мал өлімі азайып, індетті ауыздықтау көрсеткіші көшілгері деңгейге жетті.

Өз ауылы. Өмір есігін ашып, мектеп табалдырығын аттаған, өзінен бұрынғы бабаларының ата жұрты болған «Қараағаш», «Комсомол», «Сарыобалы» ұжымшарлары осы «Фрунзе» совхозының құрамында еді.

Самғау сәті осылай басталған жас қыранның қанат сермесінен ауыл үлкендері де, аудан басшылары да зор үміт күтті. Көп ұзамай кеше ғана өзі ақ тілеумен сәттілік тілеген аудандық партия комитетінің хатшысы Михаил Шаяғзамұлы Шаекин қысқа мерзімде көп тәжірибе жинап үлгерген алғыр жасты ауданның ветеринарлық станциясына бастық етіп тағайындады. Төкеңнің:

– Әлі де үйренерім көп еді, Михаил Шаяғзамұлы. Тағы да тәжірибе жинақтай тұрайын, – дегеніне бірбеткей басшы:

– Төлеутай Мінапасұлы, аудандық мекемені басқаруға Сіздің қарым-қабілетіңіз жетіп тұр. Бұл ұсыныс – Сізге деген зор сенім, ауқымды жауапкершілік. Сіз секілді жас коммунист ауданға да қажет! Партияның сарбазы «Мен дайын емеспін» дегенді айтпаса керек. Бұл қарсылығыңызды жауапкершіліктен жалтару деп қабылдаймыз, әйтпесе, – деп, кесіп айтты.

Сөйтіп, «орда бұзар отызға» толмаған шағында аудандық мекеме басшысы болып шыға келген.

***

«Фрунзе» совхозындағы бұрынғы төрт бөлімшенің малы бұйым болмай қалған. Аудан құрамындағы 11 шаруашылықтың малын індеттен аман сақтау, барлық қыстақтардағы қора-жайлардың талапқа сай болуын қамтамасыз ету, ол кезде өте қат болып тұрған дәрі-дәрмектің көзін табу оңай жұмыс емес еді. Бірақ, іскерлігі ілкімділік танытып, кісімен тіл табысуы, практикалық һәм теориялық тұрғыдан өз ісін жоғары деңгейде меңгеруі барлық қиындықты жеңіп шықты. Самғау қарқыны бәсеңсіген жоқ.

Облыстық партия комитетінде, облыстың ауыл шаруашылығы басқармасында өткен алқалы жиындарда «Қарқаралы ветстанциясының басшысы Шахарбаевтан үлгі алыңдар. Аудан көлемінде мал кеселі күрт азайды. Өлім-жітім жоққа тән» деген мазмұндағы оң пікірлер жиі айтыла бастады.

1975 жыл. Осы жылы күзде әлдебір себептермен Нұркен атындағы совхоздың директоры Манап Садықов орнынан босатылды. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Зайкен Іңкәрбаев бұл лауазымға Төлеутай Шахарбаевты тағайындады. Сол жылы қуаңшылық болып, мал азығын дайындау мәселесі күрделеніп қалған екен. Бұрынғы директордың қызметтен кетуіне де осы табиғи құбылыс себеп болса керек. Қыстақтарға түсірілген пішен қыс ортасына да жетпейтін мөлшерде. Жаңа директор жұмысқа кіріскен сәтте осы мәселені қолға алды. Осақаров сабанынан басқа қандай амал, нендей мүмкіндік бар?

Шаруашылықта қырық мыңдай қой, он мыңнан астам ірі қара, мыңнан астам жылқы бар екен. Ауыз – көп, шөп – жоқ. Не дегенмен де, мойнына жауапкершілік жүктелді, шегінерге жол жоқ. Отыздан енді асқан жас директор Төлеутай Мінапасұлы қайда келгенін енді түсінді. Көп ойланды. Шаруашылықтың бас мамандарымен де, жердің жайын, малдың күтімін білетін ауыл ақсақалдарымен де ақылдасты.

Жаңа ғана шұғыл кеңес өткізген. Басы ашық бір мәмілеге келе алмады. Даурықты. Кеткен директорды жазғырды. Төкең дауылдай даурыққан жұртты сабырға шақырып:

– Қойыңыздар, кеткен басшыны кінәлау дұрыс емес. Ол кісі болмасын деді ме? Болсын деді. Ұйымдастырды. Талап қылды, талпынды. Бірақ, жаумаған жаңбырды жаудыратын ол құдай емес қой. Жұт адамның қолымен жасалмайды, ол – құдайдың құдіретімен болатын құбылыс. Сондықтан, мәселенің себебін іздеп уақыт өлтіргенше, салдарымен күресетін амал ойластырайық! Әрекетке көшейік! – деп, бір тыйып тастады.

Жиынға совхоздың бас мамандарынан бөлек арнайы шақырылған ақсақалдар күбірлесіп, жас директордың парасатына сүйсініп қалды.

Директордың бастамасымен келер жылы қолға алынған суармалы технология енгізу жобасы бірер жылда игілікке айналды. Бірте-бірте суармалы алқап көлемін 3 500 гектарға жеткізіп, жерасты ұңғымалары арқылы жаңбырлатып суару мүмкін болған бұл алқапқа бір жазда 2-3 рет шалғы түсіп, мол өнімге қол жеткізілді. Осынша ауқымды алқапқа 34 жерден қойылған «Волжанка» суару қондырғысы бұрынғы тақырды көк майсаға айналдырды.

Бүгінгі кемшілік ертең нәтижеге айнала салмайды. Ол кемшіліктің салдарын түбегейлі жойып, оң нәтижеге қол жеткізу үшін жылдар керек. Бұл қағиданы Төкең де, Нұркен ауылының халқы да жақсы түсінді. Сонымен, Батыр атын иеленген ауыл өз тарихында тұңғыш рет 1980 жылы мемлекетке 10576 центнер ет, 1323 центнер сүт, 1125 центнер жүн, бір миллион пұт астық тапсырып, Қарқаралы ауданы ғана емес, Қарағанды облысы бойынша көш басынан көрінді. Сол жылдың қорытындысы бойынша шаруашылықтың бірқатар мамандары мен қарапайым еңбек адамдары мемлекеттік наградамен марапатталды. Бұл Төкеңнің де омырауында «Құрмет белгісі» ордені жарқыраған мерейлі жыл еді. Ол жай ғана орден емес, Төлеутай Шахарбаев сынды елжанды азамат, іскер басшының бақ жұлдызы болатын.

Толғау

Қарқаралының қоңыр даласы талай азаматты түлетті. Қатпарлы таулары мен кең жазирасы, шежірелі мекендері мен сырлы тарихы бұл өңірдің табиғатына ғана емес, адамдарының мінезіне де өзіндік өрнек салғандай. Мұнда кеңдік те бар, қайсарлық та бар, сөзге тоқтау мен істі бағалау да бар. Төлеутай Мінапасұлының азаматтық болмысын осы өлкенің табиғи әрі рухани кеңістігінен бөліп қарау қиын.

Ол – туған жердің топырағынан тамыр тартып, сол жердің тіршілігіне араласқан, ел басқару ісінің жауапкершілігін өз мойнына алған азамат. Оның ғұмырнамасындағы әр кезеңді жалғап тұрған бір арқау болса, ол – туған өлкенің өркендеуіне қызмет ету мұраты.

Қазақта «Тегіне тартқан текті болады» деген сөз бар. Бірақ тектілік дегеніміз ата-бабаның атын айтып мақтану ғана емес. Тектілік – сол бабалардың адамдық өлшеміне лайық болу, олардың елдік мұратын өз дәуіріңнің талабына сай жалғастыру.

Төлеутай Мінапасұлының шежіресі Оразғұл бимен, Сеңкібай батыр – Биата есімімен сабақтасып жатады. Бұл есімдердің өзі қазақтың тарихи жадындағы екі үлкен ұғымды – әділ сөз бен қайсар рухты еске салады.

Төлеутай Мінапасұлының тағдыр жолына қарағанда, осы сабақтастық туралы ой еріксіз оралады. Бабалар заманында елге қызмет етудің жолы басқа еді, Төкеңнің дәуірінде сол қызметтің сипаты өзгерді. Бірақ өзгермеген бір нәрсе бар. Ол – халықтың тұрмысын жақсарту, туған жердің өрісін кеңейту, елдің ертеңіне жауапкершілікпен қарау.

Өткеннің аманаты кейінгі ұрпаққа осылай жалғасады. Тектілік қанмен ғана берілмейді, ол мінезбен, ұстаныммен, еңбекпен танылады.

Төлеутай Мінапасұлы кейін Қарқаралы аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы-аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, аудандық атқару комитетінің төрағасы, партия комитетінің бірінші хатшысы қызметтерін атқарды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жаңа басқару құрылымына сәйкес, Қарқаралы ауданының тұңғыш әкімі болды. Сондай-ақ, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының бірінші орынбасары қызметін де абыроймен атқарды. Бұл қызметтер оның еңбек жолының ауқымын кеңейтіп қана қоймай, елдік мәселелерге кеңірек көзқараспен қарауына жол ашты.

Төлеутай Мінапасұлының Құнанбай қажы мешітін халыққа қайтару және оны қалпына келтіру ісіне атсалысуы оның қызмет жолындағы маңызды белестердің бірі ретінде аталады.

Бүгінгі ұрпақ Құнанбай қажы мешітіне қарағанда, өткен ғасырлардан жеткен рухани сабақтастықты көреді. Ал осындай тарихи нысандарды сақтап қалуға атсалысқан адамдардың еңбегі де сол сабақтастықтың бір бөлшегіне айналады. Оның ішінде, Төкеңнің төрден төмен ығыспай, ел құрметіне бөленуінің негізі себебі – осы Құнанбай қажы мешітінің қалпына келуі.

***

Оразғұл бабасының, Сеңкібай атасының басын қарайтып, сауапты іске бастамашы болды. Ас берілді, ұрпақ жадында бабалар рухы жаңғырды. Кешегі ел басшысы ел ағасына айналды.

Алла алқап, аруақ қолдаған Арқаның ардақтысы 2025 жылы 1 желтоқсан күні өмірден озды.

Желтоқсан неткен ызғарлы еді?..

Қайраткердің тұлғасын тек өндірістік көрсеткіштермен немесе әкімшілік шешімдермен өлшеу жеткіліксіз. Елдің рухани өміріне деген көзқарасы да оның азаматтық болмысын танытады.

Төлеутай Мінапасұлының Қасым Аманжоловтың 80 жылдығын ұйымдастыруға ұйытқы болуы – осы тұрғыдан назар аударатын дерек.

Қасымның жырында дауылдай мінез, оттай жалын, туған жерге деген шексіз сүйіспеншілік бар. Ақынның «Өзім туралы» толғауынан да оның рухының биіктігін, өмірге деген құштарлығын, ұлт әдебиетіндегі дара үнін сезінеміз. Қасым – Қарқаралы өңірінің ғана емес, бүкіл қазақ поэзиясының мақтанышы.

Төлеутай Шахарбаев – Қасым ағасы секілді өз тағдырын өлеңмен өрмесе де, өзі туралы өмір дастанын өнегемен жазып кеткен қайраткер тұлға.

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Нұржібек ЖАНСҮГІРОВА:

Сарыарқа – тағдырым, сахна – өмірім

«Орталық Қазақстанның» оқырмандарына, жалпы Сарыарқаның өнерсүйер қауымына Нұржібек Жансүгірованы таныстырудың қажеті болмас. Дегенмен, сәл шегініс жасап, кейіпкеріміздің өмірбаян беттерінен азын-аулақ дерек келтірсек, артық болмас.

Нұржібек 1956 жылдың қоңыр күзінде Талдықорған (қазіргі Жетісу) облысы, Бөрлітөбе ауданы, (қазір Ақсу ауданы құрамында) Матай станциясында дүниеге келген. 1974 жылы Матайдағы орта мектепті бітірген соң, Алматыдағы өнер студиясын тәмамдап, 1976 жылдан бері С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрында жетекші актриса болып еңбек етуде. Қызмет атқара жүріп 1989 жылы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. «Құрмет» орденінің, «Ерен еңбегі үшін» медалінің, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағының иегері. Облыс әкімі сыйлығының лауреаты.



Қарағандының өнер ордасы қабырғасында өткен жарты ғасырлық еңбек жолында ол жүзден астам арулар мен аналардың, қыз-келіншектердің алуан қырлы бейнесін сомдап, театр галереясы құлпыра көркеюіне үлес қосты. Нұржібек Күлмесханқызымен әңгіметіміз осы кеншілер астанасына табаны тиген сәттен бергі өмір жолы, өнер жолы жайлы өрбіді.

– Сонымен, 1976 жылы Сәкен театрының табалдырығын аттадыңыз...

– Мен жалғыз келген жоқпын. Сол жылы Алматы өнер студиясын бітірген Мекен Қисықов, Торғауыт Шахзадин, Алма Бекболатова, ол кездегі тегі Айткенова, және ерлі-зайыпты Махмут (Садыханов – Е.Б.) екеуміз бірге келдік. Біздің бір топ болып келуімізге себепші – Торғауыт. Өзі Қарағандының жігіті болған соң, сол кезде атақ-даңқы дүбірлеп тұрған облысқа, Сәкен театрына барайық деп үгіттеді. Арманшыл албырт шақтамыз ғой, осы жаққа тартып кеттік. Келсек, театр труппасы үш айлық гастрольдік сапарда екен. Мұнда тек гастрольге бармай қалған Гүлсара Рашқалиева ғана жүр. Бізді сол қарсы алды.

– Сәкен театрындағы алғашқы рөліңіз...

– Классик жазушы Ілияс Есенберлиннің «Ғашықтар» романының желісі бойынша драма дайындық үстінде екен. Маған құрылысшы қыз Алтынайдың рөлі тиді. Соншалық ерекшелігі жоқ, қатардағы бейне. Оның үстіне, театрдың режиссері Жақып Омаров актерлерге көп еркіндік бермейтін, қойылымды өз ой-қиялының шегінде ұстайтын қатал режиссер еді. Тіпті, театр директоры Зейнолла Жақыпов та ол кісінің ыңғайымен жүрді.

– Әңгіме режиссер турасына ауған екен, осы тақырыпты жалғастырсақ... Сәкен театрында қызмет жасаған режиссерлер туралы не айтар едіңіз?

– Мен белсенді қызмет атқарған жылдар ішінде Қарағанды театрында нашар режиссер болған жоқ. Жақып Омаров қатал болса да, өте білімді әрі әділ адам еді. Жақып аға Шымкент театрына ауысқаннан кейін орнына келген Ерсайын Тәпенов – педагог тұлға, мәдениетті жан. Сахналайтын шығармаға аса қатты ыждаһаттылықпен қарайтын. Тіпті, кейде сценарийді қысқартуға қолы батпай, шұбалаңқылыққа ұрынып, режиссерлік шешіміне нұқсан келтіріп те жүрді. Бірақ, шебер суреткер – Қарағанды театры Сәкен Жүнісовтің Ерсайын аға қойған «Өліара» драмасымен Мемлекеттік сыйлыққа ие болды. Тәпенов Павлодар театрының бас режиссері лауазымына тағайындалғаннан соң, тоқсаныншы жылдары бас режиссер лауазымына Әлімбек Оразбеков келді. Талантым мен шеберлігім толысқан кез осы уақытқа дөп келгендіктен шығар, Әлімбек қойған спектакльдердің басты кейіпкерлерін сахнаға шығару бақыты бұйырды. Оралхан Бөкейдің «Құлыным менің» драмасындағы Анар, Шыңғыс Айтматовтың «Бетпе-бетіндегі» Сейде, «Ана – Жер-анасындағы» Толғанай сияқты бір-біріне ұқсамайтын бейнелердің жан дүниесіне ену, киелі сахнада солардың тағдырын бастан кешу ешқашан қайта оралмайтын сәулелі сәттер ғой.

Иә, театр көрермені ретінде Шыңғыс Айтматовтың «Ана – Жер-ана» драмасындағы Нұржібек кейіптеген Толғанайдың бейнесі ерекше әсерге бөлегенін мойындауға мәжбүрмін. Әсіресе, Жер-ана мен Толғанай арасындағы диалог төбе құйқаны шымырлататындай тебіреніспен берілетіні сондай, қарсы алдында театр сахнасы емес, қым-қуыт тіршіліктің бір көрінісі жүріп жатқан тәрізді күй кешесің. Театр сыншылары осындайда «Хас шеберлер рөлдерде ойнамайды, кейіпкер болып өмір сүреді» десе керек.

Әріптес қарындасы туралы Қазақстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ұлттық театр өнерінің ардагері Кеңес Жұмабеков «Ақсу алқабының Кермаралы…» деген суреттемесінде («Орталық Қазақстан», 24 қараша, 2016 ж.): «Анық дикциясы, кербездене жасаған жарасымды іс-әрекеті, буырқанған ішкі толғаныстары көрермендерді бірден баулап алады. Бір ерекшелігі жады өте мықты. Өзінің ғана емес, спектакльде ойнайтын кейіпкерлердің де сөзін жаттап алады. Әріптестеріне сахнада ойнап жүргенде қатты көмектеседі. Кейде спектакльдің жүруі шабандап, сылбыр ойнала бастаса әріптестеріне күш қайрат беріп, ойындарына жігер қуат қосып, қиын жағдайдан алып шығады. Бүгінгі таңда театр репертуарында берік орын алған көптеген спектакльдердің мәртебесін көтеріп, үлкен абыройға жеткізіп тұрған Нұржібек Жансүгірованың «күндей күркіреп, жасындай жарқыраған» талантты екені сөзсіз. Қандай спектакль, қай образ болмасын жан тәнімен ізденіп қызмет етеді. Тынымсыз еңбектің арқасында тәжірибе жинақтай жүріп, сан алуан кейіпкерлерді сомдап, театр абыройын көтеріп тастады», – деп жазған екен ағынан жарылып.

– Нұржібек Күлмесханқызы, «Шіркін-ай, мына рөлді ойнай алмадым-ау!» деп өкінген кездеріңіз болды ма?

– Театрға келген жылдары Ерсайын Тәпенов қойған Еврипидтің «Медея» трагедиясындағы Медея бейнесіне қызығатын едім. Сондай-ақ, «Өліарада» Белованы ойнағым келді. Ол кезде театрдың шаңырағын көтеріп, уығын шаншысқан сахна шеберлерінің көбі бар. Жәмила Шашкина, Қайныкен Әлімбаева, Әсия Абылаева, Рымкеш Омарханова сияқты ересек буын актриса апайларды көрермен қауым алақанына салып жүрген шақ. Олармен таласқа түсетіндей деңгейде емес едік. Оның үстіне, ұлттық болмысымызға тән, үлкен адамның алдынан қия өтпейтін, отбасынан алған тәрбиеміз бар, әдеп сақтадық. «Сабыр түбі – сары алтын» – кейін көңіліме ұнаған әйел бейнелерінің бәрін сахнаға шығардым ғой деп ойлаймын. Тіпті, 2005 жылы бір кезде ынтыққан Медея бейнесінде көрініп, «Ең үздік әйел рөлі» жүлдесіне ие болдым. Бірақ бұл Еврипидтің емес, Людмила Разумовскаяның «Медеясы» еді.



– Жоғарыда Сәкен театрындағы алдыңғы буын актрисалардың кейбірін атап өттіңіз. Солардың арасынан «болмасаңыз да ұқсап бақыңыз» келген, өзіңіз жан-жүрегіңізбен ұнатқан тұлғалар болды ма?

– Кеуделері сыр сандық үлкендердің бәрі қадірлі ғой. Дегенмен, сол топтың ішінен, талантына табынбасам да, өнеріне тәнті еткен Әсия Абылаева. Топырағымыз бір болғандықтан ба, ол да Жетісудың қызы ғой, өзіне тартып алатын. Ұлттық болмыс-бітімі ерекше сыртқа теуіп тұратын мінезді адам еді жарықтық. Сол кісідей болуға тырыстым.

– Апайларды ауызға алғаннан кейін, сахнада өзіңізбен партнер болған ер-азамат артистерді де атай кетсек, артықшылық етпейтін шығар.

– Әрине. Сахнада «өмір сүрген» жарты ғасырдың ішінде кімдермен «тағдырлас» болмады десейші. Олардың арасында Рамазан Баймағанбетов пен Қайрат Кемалов сынды тұлғасымен-ақ сахнаны толтыратын, жалғыз ауыз сөзімен көрермен толы залды баурап алатын қайталанбайтын тұлғалар, Мекен Қисықов, кейін Оралға кеткен Сердеш Қажымұратов, Сансызбай Бекболатов, Сыламбек Жұмағалиев тәрізді марғасқа жігіттер болды. Өкініштісі сол, бүгінгі таңда солардың көпшілігі келместің кемесіне мініп, тарихқа айналды. Әсіресе, «COVID-19» індетінің құрбаны болған Сансызбай мен Сыламбектің қазасы бізге қатты батты. Сансызбай өнер студиясын бізден бір жыл кейін бітіріп келіп, Алмаға үйленді. Павлодар театрында қызмет атқарып жүргенде Алма екеуі мереке, демалыс кезінде осында келеді, отбасымызбен қатты араластық. Сансызбайдың қайтыс болғанын естірткен Сыламбектің өзі екі күннен кейін жүріп кетті. Уақыт өткен сайын қатарымыз сиреп барады. Бірақ, оған қылар шара жоқ...

– Орны толмайтын қазалар ғой. Өзіңіз айтқандай, оған қылар қайран жоқ. Дегенмен, мерейтой қарсаңында көңіл жабырқататын тақырыпты тоқтата тұрып, қотанымызға қайтып оралайық: сахнада жүргеніңізге ғана 50 жыл емес, Махаң екеуіңіз шаңырақ көтергендеріңізге де 50 жыл толып отыр екен. Осы жылдар аясында Алматының демалыс саябағындағы би үстінде танысқан сұлу жігіт, ғашық болып қосылған актер Махмұт Садыхановпен сахнада партнер болып ойнау сәті түскен жоқ па?

– Шынында қызық: Махмұт екеуміз бір-ақ мәрте «сахнадағы ғашықтар» болып ойнаппыз. Мұхтар Мағауиннің «Әйел махаббаты» әңгімесінің желісі бойынша қойылған мелодрамада мен – Зия, Махмұт – Төлеген, екінші құрамда Асылзада – Зия, Мекен – Төлеген болып сахнаға шықтық. Қалған ерлі-зайыптылық өміріміз отбасында өтіп жатыр.

– Отбасы туралы сөз болғаннан кейін, үй ішінің әңгімесінен де бірер ауыз сөз болсын: балалар мен немерелердің тәрбиесіне көп уақыт жұмсайсыз ба?

– Шынын айтайын, отбасындағы тірлікке менен гөрі Махаң ыңғайлы. Ата-анасы ауылда малшы болған қарапайым адамдар еді, солардың үлгісімен Махаң тұрмыстың қоңыр тіршілігіне бірден араласып жүре береді. Жәнібек пен Әлібек отау көтеріп, дербес үй болып кетті ғой. Кейде немерелерді әкеп тастайды, қарай тұрыңдар деп. Олармен де көбінесе атасы айналысады. Тілдерін, қазақша сөйлегенін қызықтайды.

– Тегіңіз әйгілі ғой. Жансүгіров десе, елең етпейтін қазақ жоқ шығар. Махаң ұлы аруақтардан именетін шығар. «Менің тегіме өт!» деп шарт қойған жоқпа үйленгенде? Жансүгіровтер әулетінде «қазақ поэзиясының Құлагері» Ілияс пен сізден басқа өнерге жақын адам шықпады ма?

– Жоқ, шаңырақ көтеру туралы әңгіме қозғалған бетте әркім өз тегінде қалады деген шешімге тоқтадық. Махаң жаратылысынан демократ жан ғой, «Тегіме өт!» деп қыстамады. Жансүгіровтерге келетін болсақ, Ілиястың ұлы Болат аға ғана рухани дүниеге жақын – сценарист әрі көптеген деректі фильмдердің режиссері болды. Ол – қазақ кинематографиясының қайраткері. Республикалық Телерадио жөніндегі мемлекеттік комитетінің бас редакторы, Кинематографтар одағының бірінші хатшысы, Кино жөніндегі мемлекеттік комитеттің бас редакторы қызметін атқарды. 5-6 сыныптарда оқып жүрген кезімде Фатима Ғабитова жеңгеміз Болатпен бірге біздің үйге келгені есімде. Алматыға барған кезімде Болат ағаның пәтерінде тұрдым. Махмұтқа тұрмысқа шыққаннан кейін ғана жатақханаға ауыстым.

– Оралхан Бөкейдің: «... аға, төменге қараңызшы, мен көрінем бе екен?» – деп Шерхан Мұртазаға жазған керемет сөзі бар ғой. Сол сияқты, төменге қарасаңыз, сізге кімдер көрінеді?

– Өзіңнен кейінгі буыннан кімдерді атап, үміт артасың деген сауалың ғой. Шайза, Злиха, Қайраттың келіншегі, биыл бақиына көшкен Бижамал марқұм, тағы басқалар – қатарластарымыз. Ізімізді басқан актрисалардың арасынан жарқырай көрінген талантты қыздар Ботагөз Мақсұтова мен Баян Әукешева еді. Ботагөз басқа театрға ауысып кетті. Баян марқұмның өмірі қысқа болды – құйрықты жұлдыздай ағып өте шықты өмірден. Қазір театрдың сахнасында жүргендерден Дина Заитованы бөліп атай аламын. Аса талантты қыз. Кейде ойлаймын, оның жасында мен солай ойнай алдым ба деп. Енді ғана сахнаға шығып жүрген жастардың арасынан Әнел Сағындықова үлкен үміт күттіреді. Дина мен Әнел сегіз қырлы, бір сырлы өнерпаздар. Кез келген бейнені сомдап, сахнаға жан бітіріп, ән де шырқап, қажет болса, билеп те береді.

Қазіргі таңда Сарыарқа – тағдырыма, сахна – өміріме айналған адаммын. Сондықтан, өткенім, бүгінгім, келешегім Сәкен театрының тарихымен қоса өрілгендіктен, өнердің осынау қарашаңырағы әрдайым мәртебелі биіктерден көріне берсе екен тілеймін!

– Асыл мұратыңыз орындалуына жазсын! Мазмұнды әңгімеңіз үшін рахмет!

Сұхбаттасқан
Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
ҚР Мәдениет қайраткері

Суреттер кейіпкердің жеке мұрағатынан

Қиял мен шындық тоғысқан

КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ

Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада фэнтези жанрында қалам тербеп жүрген жазушы Лариса Мельникованың «Жел» атты кітабының тұсаукесері өтті. Әдеби кеш оқырмандарды автордың шығармашылық әлемімен таныстырып, жаңа туындының мазмұны мен идеялық ерекшеліктерін таныта отырып, жастардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруды көздеді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Іс-шараға Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің, Қарағанды цифрлық технологиялар және дизайн колледжінің, Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды колледж-мектебінің студенттері мен қаладағы әдебиетсүйер қауым қатысты.

Кездесуде Лариса Мельникова шығармашылық жолы, жазушылық ерекшелігі және фэнтези жанрының қыр-сыры туралы әңгімеледі. Қатысушылар «Жел» кітабының мазмұны мен идеялық мәнін, сюжеттік желісін және кейіпкерлер әлемін талқылап, авторға сұрақтарын қойды.

Әдеби кештің ең қызықты сәті шығармашылық ойын болды. Командаларға бөлінген қатысушылар шығарма желісі бойынша өздері таңдаған дәуірге сәйкес жаңа қиял әлемінің үлгісін жасады. Өз жобаларын қорғау барысында тың идеяларын ұсынып, қиялдары мен шығармашылық қабілеттерін көрсетті. Жазушының интерактивті тапсырмалары кездесуді ерекше әсерлі етіп, жастарға шабыт сыйлады.

– Осындай әдеби кездесулердің ұйымдастырылғаны қуантады. Әсіресе, жастардың шығармашылық ойынға белсенді қатысып, өз қиялдарындағы әлемді құрастыруы ерекше ұнады. Жазушымен тікелей жүздесіп, оның шығармашылығымен танысу – оқырман үшін үлкен мүмкіндік. Осындай шаралар жастардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттырады деп ойлаймын, – деді қала тұрғыны Александр Волков.

Кешке қатысушылар жаңа туындымен танысып қана қоймай, заманауи әдебиеттің тынысын сезінуге және автордың шығармашылық әлеміне тереңірек бойлауға мүмкіндік алды.

Мұндай мәдени шаралар оқырман мен жазушы арасындағы байланысты нығайтып, жастардың рухани дүниесін байытуға, кітап оқуға деген құштарлығын арттыруға ықпал етері анық. Бұл шара да мазмұнды кездесудің бірі ретінде есте қалды.

Қазір фэнтези жанрына деген қызығушылық артып отыр. Қазақ әдеби кеңістігінде қиял-ғажайып оқиғалар мен шынайы өмір көріністерін ұштастыратын бұл бағыттың дамуына үлес қосып жүрген қаламгерлердің еңбегі ерекше атап өтуге тұрарлық. Жазушының жаңа туындысы да оқырмандар тарапынан жылы қабылданып, қатысушылардың қызығушылығын оятты. Әсіресе, жастардың шығарма мазмұнына үңіліп, кейіпкерлер әлемін талқылауы, авторға сұрақтар қойып, шығармашылық тапсырмаларға белсенді қатысуы қуантты. Бұл – бүгінгі жас буынның әдебиетке деген талғамы өзгеріп, кітап оқуға деген ынтасының қайта оянып келе жатқанының бір белгісі. Осындай кездесулер заманауи авторларды оқырманға жақындатып, жаңа жанрлардың танылуына, отандық әдебиеттің өрісін кеңейтуге де ықпал етеді.



Сурет karlib.kz сайтынан

• МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Қасиеттің тасасындағы қасірет

Араб тілін жетік меңгерген. Діни білімнен де кенде емес. Әу баста ілім іздеп шетел асқан азамат ақыр аяғында Сириядағы соғыс ортасынан бір-ақ шыққан. Адасқанын аңғарғанда, кері қайтуға мүмкіндік болмапты. Кейін елге оралып, жазасын өтеген онымен теологтар бір жарым жылдай жұмыс істеген. Осы уақыт ішінде өзі ақиқат деп қабылдаған біраз түсінігін қайта түзеген. Бір адамның тағдыры қоғамда қалыптасқан тұтас бір пайымға күмән келтіреді. Көпшілік жат ағымның жетегінде кететіндерді тек діни сауаты жоқ, қараңғы жандар деп біледі. Ал, діни білімі бар адамның өзі деструктивті идеологияның ықпалына түссе, мәселенің түп-тамыры қайда? Білімнің тапшылығында ма, әлде білгенін таразылайтын парасаттың кемдігінде ме?



Сурет ЖИ

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Апиын» және жалған жұбаныш

Карл Маркстің «Дін – халықтың апиыны» деген тәмсілге айналған тұжырымын бәрі білсе керек. Алайда, неміс ойшылының 1844 жылы жарық көрген еңбегіндегі осы сөздің алдындағы пайымына екінің бірі үңіле бермейді. Философ дінді азап шеккен жанның күрсінісі, мейірімнен жұрдай дүниедегі жұбаныш ретінде де сипаттайды. Мәселенің бізді қызықтыратын тұсы да осында.

Апиынның ауырсынуды басатын әсері бар. Бірақ, ауырсынудың басылуы дерттің жазылғанын білдірмейді. Деструктивті идеологияның адамға ұсынатын жалған жұбанышы да осыған ұқсас. Жалғыздықтың тауқыметін тартқан жанға – орта, қадірі кеміген адамға – құрмет, әділетсіздік көрген азаматқа әділетті қоғам керек. Адам баласының өмірлік тірегі шайқалған сәтте оның санасында бос кеңістік пайда болады. Осындай адами мұқтаждықтар діни ұранның тасасында өзгенің мүддесіне қызмет ете бастағанда, мәселенің тек теологиялық астарына үңілу аздық етеді.

Ақтас кентіндегі «Ерімбет ата» мешітінің имамы, теолог Азамат Ерғазы алты-жеті жылдан бері жат ағымдардың ықпалына түскен азаматтармен жұмыс істеп келеді. Түзеу мекемелерінде де оңалту жұмыстарын жүргізетін маманның тәжірибесінде тағдырдың теперішін көріп, ақырында жалған идеологияның шырмауына түскен жандар аз кездеспеген.

– Жат ағымға түскендердің әлеуметтік жағдайы мен білім деңгейі әртүрлі. Ішінде жоғары білімдісі де, оқымағаны да, тұрмысы жақсысы да, орташасы да бар, – дейді теолог.

Оңалтудан өткен азаматың бірі ата-анасынан ерте айырылыпты. Ауылдан жұмыс таппай, Алматыға барғанында да тұрмысы түзеле қоймаған. Тұрақты баспанасы болмай, пәтерден пәтерге көшіп, күнкөрістің қамымен жүрген. Осындай алмағайып кезеңде радикалды идеологияны насихаттаушылардың жалған уәделеріне сенген. Сирияға барған соң ғана өзі аңсаған өмір мен алдынан шыққан ақиқаттың арасы жер мен көктей екенін ұққан. Соғыста қызынан айырылған.

Азамат Сайлауұлының айтуынша, әлгі жігіт елге оралып, жазасын өтеп жүрген кезінде түзеу мекемесінде от жағушы болып жұмыс істепті. Тапқан азын-аулақ қаражатын отбасына жіберіп отырған.

Тағдырдың ащы мысқылын қараңыз. Кезінде тұрмыстың тауқыметінен арылуға үміттенген азамат ақырында темір торда жүріп, отбасының нәпақасын табуға мәжбүр. Ал, жоғалтқан перзентін ешқандай өкініш қайтарып бере алмайды.

Біз жат ағымның зардабын көрген адамды айыптауға асыққанымызбен, оның сол ағымнан не іздегеніне үнемі мән бере бермейміз. Бәлкім, ол іздеген құрметті өз ортасынан көрмеген шығар. Бәлкім, жанын жегідей жеген сауалдарына жауап таба алмаған болар. Мұндайда діни насихаттың мазмұнын ғана емес, оған құлақ түрген адамның өмірін де зерделеу керек. Өйткені, қоғам шеше алмаған әрбір әлеуметтік немесе рухани түйткіл радикалды идеологияның қолжаулығына айналуы ықтимал. Адамның жан жарасын жазуға қауқарсыз болған жалған сенім сол жараны тереңдете түсіп, ақырында оның ақыл-парасатына да билік жүргізе бастайды.

Нигилизм дерті неге дендеді?

Идеологиялық тәуелділіктің ең қауіпті тұсы – адамның өзгенің пікіріне құлақ асуында емес, өз пікірінің болуы міндетті емес деп ұғынуында. Ақиқатты іздеу мен әлдекімнің ақиқатына сөзсіз бағынудың арасында үлкен айырмашылық бар. Біріншісі адамды ізденіске жетелесе, екіншісі ізденістің өзін қажетсіз етеді.

– Қоғамда адамдар секталарға ақша үшін кіреді, оларды гипноз арқылы арбайды. Яки, ішкен асына әлдебір зат қосып береді деген қауесет көп. Алайда, біз тәжірибеміздің мүлде басқа көріністі көреміз. Адамның санасын өзгерту, ең алдымен, оны өзінің әлеуметтік тіректерінен ажыратудан басталады. Әуелі ата-анасының ұстанған жолын теріске шығарып, кейін тарихы мен салт-дәстүрін мансұқтауға бейімделеді. Бірте-бірте қоғаммен байланысы әлсіреп, араласатын ортасы тарыла түседі. Тек өзімен пікірлес адамдардың сөзін құп көретін жағдайға жетеді. Тіпті, ата-анасының қолынан ас ішуден бас тартып, ағайын-туысымен қарым-қатынасын үзген азаматтарды да кездестірдік. Өйткені, жат ағымның ықпалына түскен адамды райынан қайтара алатын ең үлкен күш – оның отбасы мен туған-туыстары, – дейді теолог.

Әлбетте, дәстүрге сын көзбен қарау немесе өзгеше діни ұстанымда болу экстремизмнің белгісі емес. Мәселе сол көзқарастың өзге адамдарды кемсітуге, олардың құқығын жоққа шығаруға, өшпенділік пен зорлықты ақтауға негіз болуында.

Ілгеріде сөз еткен азаматтың тағдырына қайта оралайықшы. Ол араб тілін үйренген, шетелде діни білім алған. Соған қарамастан, соғыс аймағына кетудің ақыры неге соғарын дер кезінде бағамдай алмаған. Елге оралғаннан кейін Азамат Сайлауұлы онымен бір жарым жылдай жұмыс істеп, діни еңбектерді қайта зерделеуіне ықпал еткен. «Жүз пайыз толық өзгерді деп кесіп айтпасақ та, санасына үлкен сәуле түсіріп, ұшқын салдық», – дейді теолог.

Соқыр сенімнің сұрқы

Діни фанатизмнің қауіпті бір сипаты – адамның өз бойындағы қатыгездікті ізгі мұрат жолындағы әрекет деп қабылдауы. Өзгені қорлауды дінді қорғаумен шатастыра бастаған жерде ар-ожданның алдындағы жауапкершілік көмескіленеді.

Теолог Азамат Сайлауұлының тәжірибесінде де өзінің діни ұстанымына бола ағайын-туысымен қарым-қатынасын үзген, ата-анасынан алшақтаған азаматтар кездескен.

– Олардың санасында «намаз оқымайтындардың тағамы адал емес, олармен етене жақын араласуға болмайды» деген түсінік қалыптасып қалған. Олар тек саудасына, жұмысына қатысты аса қажетті адамдармен ғана белгілі бір шекара аясында араласады да, қалған жақындарынан алшақтайды, – дейді маман.

Қызығы сол, мұндай жағдайда адамның діни білімі тереңдегендей көрінгенімен, әлеуметтік дүниетанымы тарыла түседі. Өзіне өмір сыйлаған ата-анасының қадірінен, ғасырлар бойы қалыптасқан халқының мәдениетінен, айналасындағы адамдардың адами қасиеттерінен бұрын олардың діни ұстанымына мән бере бастайды. Осылайша, адамдарды мейірімге біріктіруге тиіс сенім, керісінше, олардың арасына көрінбейтін дуал тұрғызады.

Бәлкім, біз діни сауаттылықтың өлшемдерін де қайта қарауымыз керек шығар. Адамның қанша сүре жаттағанын, қанша діни кітап оқығанын білу маңызды болар. Алайда, сол білгенінің оның мінезіне, адамгершілігіне, еңбекке деген ықыласына, қоғам алдындағы жауапкершілігіне қалай әсер еткенін бағамдау одан да маңызды емес пе? Адамды өзгелерден биік сезіндіретін сенім мен адамды адамдық тұрғыдан биіктететін сенімнің арасы жер мен көктей. Осы екеуін шатастырған жерде тақуалықтың өзі тәкаппарлыққа ұласады.

Қатердің статистикасы

Облыстың полиция департаменті ұсынған деректерді саралап көрелік. 2022 жылы өңірде экстремистік немесе террористік сипаттағы 16 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелсе, 2023 жылы олардың саны 32-ге, 2024 жылы 41-ге жеткен. 2025 жылы 23 дерек тіркелсе, биылғы он айда сегіз факт анықталған. Жалпы, аталған кезеңде осындай сипаттағы 120 қылмыстық құқық бұзушылық тіркеліпті.

Алайда, статистиканың сыртқы көрінісі мен ішкі мазмұнына үңілгенде, мәселенің басқа қыры ашылады. 120 деректің 77-сі Қылмыстық кодекстің 273-бабы, яғни, терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау бойынша тіркелген. Тағы 35 дерек әлеуметтік, ұлттық, этностық, нәсілдік немесе діни алауыздықты қоздыруға қатысты. Демек, барлық көрсеткішті тұтасымен діни радикализмнің салдары ретінде бағалау жансақтық болар еді.

Дегенмен, биыл тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың сипаты бейжай қалдырмайды. Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру бойынша – екі, террористік немесе экстремистік әрекетті қаржыландыру бойынша – бір, осындай әрекеттерді ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып көндіруге, даярлауға немесе қаруландыруға қатысты бап бойынша бір дерек тіркелген.

Бұдан бөлек, департамент мәліметінде деструктивті діни ағым ұстанушыларының жасаған жалпы қылмыстары да жеке көрсетілген. Бес жылға жуық кезеңде осындай 66 қылмыс тіркеліпті. Олардың барлығы діни уәжбен жасалмағанымен, адамның діни ұстанымы өздігінен оның заңға бағынуының, адамгершілік қасиеттерінің немесе қоғамдық жауапкершілігінің кепілі бола алмайтынын ескерген жөн.

Енді назарымызды басқа көрсеткішке аударайық. Діни қызмет саласындағы, экстремистік материалдарды сақтау мен жариялауға байланысты әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар фактілер 2022 жылы – 26, 2023 жылы – 27, 2024 жылы – 13, былтыр 20 болған. Ал, биылдың он айында 24 дерек анықталып отыр. Яғни, биылғы толық емес жылдың көрсеткіші былтырғы тұтас жылдың межесінен асып кеткен. Бұл сандар деструктивті насихаттың көшеден сандық кеңістікке толық көшкенін аңғартады.

– Жастардың бұл ағымдарға тап болуы көбіне TikTok, YouTube секілді әлеуметтік желілер арқылы жүзеге асады, өйткені, олар интернет кеңістігінде өте белсенді. Ал, бұрынғыдай мешіт маңайында немесе үйлерді аралап, ашық уағыз-насихат жүргізе алмайды, – дейді теолог Азамат Ерғазыұлы.

Сананың азаттығы

Теолог Азамат Сайлауұлы қазір түзеу мекемесінде радикалды көзқарастағы екі азаматпен жұмыс істеп жүр. Бірімен жыл басынан бері кездесіп, әңгімелеседі. Алғашында өз ұстанымынан айнымаған азамат бүгінде сұрақтарға жауап беріп, біртіндеп диалог құра бастапты. Екіншісімен жұмыс жүргізіп жүргеніне екі айдай болған. Әзірге томаға-тұйық қалпынан арылмаған.

– Көпшілік жат ағым өкіліне Құран аяттары мен хадистерден діни дәлелдер келтірсе болды, бірден түзеледі деп ойлайды. Алайда, біздің негізгі жұмыс тәсіліміз – ең алдымен, адамның сеніміне кіріп, көңілінен орын табу, – дейді теолог.

Маманның пайымынша, әуелі адамның ішкі өкпе-ренішін тарқатып, қоғаммен үзілген байланысын қалпына келтіруге мән беру керек. Отбасын, тұрмыс-тіршілігін, өмірден көрген қиындықтарын сөз ету барысында ғана оның дүниетанымындағы қайшылықтарға үңілуге мүмкіндік туады. Өйткені, тоң жібімей, ақыл-ойға қозғау салу мүмкін емес.

Теологтың тәжірибесінде дер кезінде жүргізілген жұмыстың нәтижелі болған мысалы да бар. Әскери қызметтегі бір азамат біртіндеп оқшауланып, достарымен, әріптестерімен араласуын сирете бастапты. Маманның айтуынша, бірнеше мәрте жеке кездесіп, қызметтегі басшылығымен бірлесе жүргізген жұмыстың нәтижесінде азамат өзінің діни көзқарасын қайта қараған. Қазір қызметін жалғастырып жүр.

Хакім Абай жиырма сегізінші қара сөзінде «Құдай Тағала әрбір ақылы бар кісіге иман парыз, әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз деген екен» дейді. Назар аударсақ, ойшыл әуелі ақылды, содан соң иманды, одан кейін ғибадатты сөз етіп отыр. Ал, он үшінші қара сөзінде сенімнің мәнін ақылмен, дәлелмен ұғынуға айрықша маңыз береді. Шәкәрімнің ар ілімінде де адамдық кемелдіктің өлшемі ұждан мен сабақтасады. Ынсап, әділет, мейірім ұғымдары ойшылдың дүниетанымында іргелі орын алады. Демек, қазақтың рухани мұрасында бүгінгі діни фанатизмге қарсы қоя алатын тұтас интеллектуалдық иммунитет бар. Мәселе, соны қаншалықты танып, кейінгі ұрпаққа түсінікті тілде жеткізе алғанымызда.

• ТАҒЫЗЫМ

Ұлағатты ұстаз – ұрпаққа өнеге

Адамның соңында қалатын ең үлкен мұрасы – тәрбиелеген ұрпағы мен өнегелі өмір жолы. Ел жадында есімі сақталып, шәкірттерінің жүрегінде ұстаздық тұлғасымен қалған азаматтар болады. Сондай елге еңбегі сіңген азаматтардың өнегелі өмірін кейінгі буынға жеткізу – азаматтық парызымыз.



Бүгін бар ғұмырын ұстаздыққа, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруге арнаған, өз дәуірінің сыйлы азаматы болған Құрақбай Ысқақұлы туралы қалам тербемекпін. Биыл көзі тірі болғанда Құрекеңнің туғанына 100 жыл толар еді.

Құрақбай Ысқақұлы 1926 жылы Шет ауданының Ленин колхозында туған. Құрекеңнің еңбек жолы ел басына күн туған қиын кезеңмен тұспа-тұс келді. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында, 1941-1946 жылдары соғысқа жасы толмағандықтан, тылда трактор жүргізушісі болып еңбек етті. Соғыстан кейін білім қуып, 1946-1948 жылдары Қарқаралы педагогика училищесінде оқыды. Оны тәмамдаған соң Алматыдағы мұғалімдер даярлайтын институтта қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша білім алды.

Еңбек жолын ұстаздықтан бастаған Құрақбай Ысқақұлы Шет ауданының Жоғарғы Қайрақты, Төменгі Қайрақты мектептерінде басшылық қызметтер атқарды. 1970 жылы Октябрьдің 40 жылдығы совхозындағы мектептің директоры болды. 1970-1975 жылдары Қайрақты мектебінде оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқарды. 1980 жылы Кәрім Мыңбаев (Қызылтау) орта мектебінің директоры болып тағайындалды. Ал, 1982 жылы Ақадыр аудандық білім бөлімінің методика кабинетінде басшылық қызмет атқарып, содан кейін құрметті демалысқа шықты.

Құрекең 1950 жылдан бастап, Коммунистік партия мүшелігінде болды. Бірнеше рет аудандық мәслихаттың төрағасы қызметін атқарды. Ұстаздық жолдағы елеулі еңбегі мемлекет тарапынан да жоғары бағаланды. 1979 жылы КСРО Үкіметінің шешімімен «Қазақстанның халық ағарту саласының үздігі» төсбелгісімен (№33781) марапатталды.

Құрақбай Ысқақұлы тек білікті ұстаз, іскер басшы ғана емес, қаламы қарымды азамат та еді. Аудандық және облыстық газеттерде тәлім-тәрбие, қазақтың салт-дәстүрі туралы мақалалары жиі жарияланып тұратын. Елдік мәселелерге бейжай қарамайтын, көргені мен түйгенін қағазға түсіріп, кейінгі ұрпаққа ой салуды азаматтық міндеті санаған жан болатын.

Құрекеңнің отбасылық өмірі де көпке үлгі. Жұбайы Рымбала Бекішқызы екеуі 11 бала тәрбиелеп өсіріп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырды. Балаларының барлығы жоғары білім алып, әр салада еңбек етті.

Үлкен қызы Клара дәрігер мамандығын таңдап, Шымкент қаласында еңбек етті. Екінші қызы Сайра Жезқазған қалалық әкімшілігінде бас есепші қызметін атқарды. Үлкен ұлы Жаният әкесінің жолын жалғап, физика-математика пәнінің мұғалімі болды. Қырық жыл мектеп директоры қызметін атқарып, құрметті демалысқа шықты. Ұлы Жұманият еңбек жолын Ақадыр аудандық атқару комитетінде инженер-геодезист болып бастап, КСРО тарағаннан кейін тау-кен саласында инженерлік қызметтер атқарды.

Қыздары Мадира, Райлан, Гүлназ түрлі пәндер бойынша мұғалім болып, Қарағанды қаласында еңбек етті. Меруерт тау-кен инженері мамандығымен еңбек жолын бастап, бүгінде жеке кәсіппен айналысады. Назира 30 жыл бойы медицина саласында қызмет атқарды. Кенже қызы Айзада Қарағанды қаласында санитарлық-гигиена мамандығы бойынша дәрігерлік қызметте.

Он бір баланы тәрбиелеп, барлығына жоғары білім беріп, ел қатарлы азамат етіп өсіру – үлкен еңбектің, өнегелі тәрбиенің жемісі. Бұл – Құрақбай Ысқақұлы мен Рымбала Бекішқызының ата-ана ретіндегі асыл қасиеттерін айқын танытатын өнеге.

Құрақбай Ысқақұлы осындай тағылымды ғұмыр кешіп, 2003 жылы өмірден өтті.

Құрекеңнің ұстаздық еңбегінің нәтижесін шәкірттерінен де көруге болады. Қайрақты, Мойынты, Қызылтау өңірлерінен шыққан бірқатар мықты азаматтар, атап айтқанда, бас прокурор болған Төлеген Әшляев, Баймұхан Тазабеков, Тілеутай Смағұлов сынды арда азаматтар – Құрекеңнің алғашқы түлектері еді. Шәкірттерінің елге танылып, әр салада абыройлы қызмет атқаруы ұстаз үшін бұдан асқан мәртебе бола қоймас.

Құрекеңнің өнерге де жақындығы ерекше еді.

– Соғыстан кейінгі қиын жылдары Алматыда оқып жүргенде баян, домбыра, мандолина аспаптарын сатып алып, көшелерде өнер көрсетіп, бір күндік болса да нандық ақшамызды табатын едік, – деп өзі де айтып отыратын.

Бұл да сол заманның жастарына тән еңбекқорлық пен өнерге деген құштарлықтың бір көрінісі.

Құрақбай Ысқақұлы домбыра тартқанда, әсіресе, Әбікеннің, Мақаштың, Қыздарбектің, Тәттімбеттің шертпе күйлерін нақышына келтіріп, майын тамызып орындайтын. Күй өнеріне деген ықыласы мен шеберлігі оның жан дүниесінің байлығын танытатын.

Ауылдастарының, туған-туыстары мен көрші-қолаңның арасында Құрекең көркем мінезімен, жарасымды әзілімен, тағылымды әңгімелерімен ерекше сыйлы болды. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білетін, айналасына әрдайым өнеге болатын азамат еді.

Ақадыр мен Шет өңіріне белгілі Сәрінжіп есімді суырыпсалма ақын болған. Құрақбай Ысқақұлы сол Сәрінжіп ақынның немере туысы болып келеді. Құрекеңнің замандасы, Сәрінжіптің баласы Қасен әкеміздің атымен Қайрақты орта мектебі аталады. Ал, бір кездері білім министрі болған Аслан Сәрінжіпов – Қасен әкеміздің немересі.

Бала кезімізден, мектеп қабырғасында жүрген шағымыздан Құрекеңнің айналасында болып, өнегесін көріп өстік. Сондықтан, осы естелікті жазу арқылы өзімнің оған деген үлкен құрметімді білдіргім келді.

Жақсының жақсылығын айтып, өнегелі өмірін кейінгі ұрпаққа жеткізу – парыз. Құрақбай Ысқақұлы – өз дәуірінің біртуар азаматы, ұлағатты ұстазы, ел жадында сақталуға лайық тұлға. Оның шәкірт тәрбиелеудегі еңбегі, отбасындағы өнегесі, өнерге деген құрметі мен адамгершілік қасиеттері кейінгі ұрпаққа әрдайым үлгі болып қала береді.

Осы орайда, Құрақбай Ысқақұлының туғанына 100 жыл толуына байланысты, оның есімін ұлықтап, өнегелі өмір жолын ұрпақ жадында мәңгі сақтау мақсатында Шет ауданының Ақадыр кентіндегі көшелердің біріне есімін беру және Ақадыр кентіндегі №25 орта мектепке «Құрақбай Ысқақұлы атындағы орта білім беру мектебі» атауын беру туралы ұсыныс білдіреміз.

Бұл – бір адамның есімін ұлықтау ғана емес, ұлт руханиятына үлес қосқан ұстаз еңбегіне көрсетілген құрмет, кейінгі ұрпаққа өнеге боларлық тағылымды қадам деп білеміз.

Мұратжан МЕЙРАМБЕКҰЛЫ,
жеке шаруа қожалығының басшысы

№415

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 8:30-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

к

Жаңалық әрқашан жаныңызда!
https://ortalyq.kz/

• ӘН КЕШІ

Сағынышқа айналған Сейіл-ғұмыр

Әншінің ғұмыры оның жер басып жүрген жылдарымен ғана өлшенбесе керек. Елдің жүрегіне ұялаған әні, көңіл пернесін дөп басқан қоңыр үні иесі өмірден озғаннан кейін де тыңдарманымен бірге жасай береді. Қазақтың сыршыл әншісі Сейіл Аяғанның өнердегі тағдыры осыны аңғартады. 2023 жылдың 23 қаңтарында 52 жасқа қараған шағында әншінің ән деп соққан жүрегі мәңгілікке тоқтаған еді. Биыл аяулы өнер иесінің туғанына 55 жыл толуына орай Кеншілер мәдениет сарайында «Сұлу ән, саған адалмын» атты еске алу кеші өтті. Сейілдің сырлы әндерін сағынған жұрттың қарасы қалың. Сарайдың көрермен залы лық толды.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әншінің өнердегі өрнегі мен адами болмысын біртұтас ашуды мұрат тұтқан шығармашылық кеш елімізге танымал режиссер, сценарист, продюсер, «Ән мен әнші» бағдарламасының авторы Сержан Молдасанұлының режиссерлігімен ұйымдастырылды.

Арқа төріндегі ән кешіне алыстан ат арытып, қазақтың біртуар өнер иелері мен қаламгерлері келді. Олардың қатарында Алаштың айтулы ақындары, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегерлері Серік Ақсұңқарұлы мен Ғалым Жайлыбай, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, бард әнші Қорабай Есенов, дүлдүл әнші, Қазақстанның Халық әртісі Рамазан Стамғазиев, айтыскер ақын, Халық кеңесінің мүшесі Аманжол Әлтай, ақын, Құрылтай депутаты Жанарбек Әшімжан сынды елге етене таныс есімдер бар. Сондай-ақ, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Досымжан Таңатаров пен әнші, ақын, композитор Роза Әлқожа да Сейілдің ән әлеміне сағынышпен сапар шекті.

Кештің ұйымдастырылуына қолдау көрсеткен облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Ғалымжан Өтелбайұлы да осыған айрықша тоқталды.

– Қарағанды жұртының сұлу әнге деген құрметін көріп, қуанып тұрмыз! Сейіл Аяған Қарағандының ғана емес, тұтас қазақ халқының сүйікті әншісіне айналды. Әншінің 55 жылдығына орай осындай кеш ұйымдастыру туралы ұсыныс тыңдармандар тарапынан, соның ішінде өнердегі, өмірдегі жора-жолдастарынан түсті. Бұдан біз халықтың Сейілге деген ыстық ықыласы мен сағынышын байқадық. Бүгінгі ән кеші – сағыныштың кеші. Кеншілер мәдениет сарайының сыртында да залдан орын жетпей қаншама халық тұр. Мұны заңды құбылыс деп білеміз. Өйткені, Сейіл Аяған ғұмырын «Сұлу ән, саған адалмын» деп сүрді. Атақ пен даңқтың, байлық пен мансаптың соңына түскен жоқ. Қоржынына есті әндерді жинап, соларды елінің жүрегіне жеткізді. Жүрегін әнмен тербеген перзентін жұрты сағынып жүр, – деді Ғалымжан Өтелбайұлы.

Сейілдің өнердегі болмысын айқындайтын қасиеттің бірі де осы әнге деген талғампаздығы еді. Әннің әуезімен қатар, сөзінің салмағына, айтар ойына мән беретін әншінің репертуарындағы туындылар тыңдарманды ерекше толғандыратын. Оның орындауындағы есті әндердің ел жадынан өшпеуінің бір сыры да осында жатса керек.

Кештің тағы бір тағылымды тұсы – Сейіл Аяғанның өмірі мен өнері арқау болған «Сұлу ән, саған адалмын» атты кітаптың оқырманға жол тартуы. Әншінің жарқын бейнесін кейінгі ұрпақтың жадында жаңғыртуды көздеген басылымның жарық көруіне оның достары, Қазақстан Республикасының құрметті сәулетшісі Үсен Жұмагелдин мен Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі Бүркіт Сагинов демеушілік жасаған. Ал, кітапты құрастырған – әншінің өнердегі серігі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Айтбек Нығызбаев.

Жаңа кітаптың тұсауын Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қарағанды облысының Құрметті азаматы Рымбала Омарбекова, ақындар Серік Ақсұңқарұлы мен Ғалым Жайлыбай, филология ғылымдарының докторы, профессор Қойлыбай Асанов, Рамазан Стамғазиев, Жанарбек Әшімжан және Аманжол Әлтай кесті.

Ел арасында әлі күнге дейін «Сейіл айтқан екен» деп басталатын әңгімелердің болуы да оның адами болмысынан хабар берсе керек.

Кеш режиссері осындай естеліктерді қағазға түсіріп, сахналық композицияның өзегіне айналдырған. Сөйтіп, әншінің ғұмыр белестері театр өнерінің тілімен өрілді. Сейілдің жігіттік шағын Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, талантты актер Жомарт Зейнәбіл бейнелесе, бозбала Сейілді Сәкен Сейфуллин атындағы театрдың актері Ахат Нұрәлі сомдады. Театрдың өзге де актерлері әншінің өмір жолына қатысты көріністерді сахналауға атсалысты.

Кеш барысында отандық эстрада өкілі Ұлту Қабаева «Сүйгендер жырлайды» әнін орындаса, Дәуренбек Әркенов Кәкімбек Салықовтың сөзіне жазылған Жақсыгелді Сейіловтің әйгілі «Жезкиік» әнін шырқады. Ал, Роза Әлқожа Сейіл Аяғанға арнап, сөзі мен әнін өзі жазған «Сейіл-жүрек» туындысын көрерменге ұсынды.

Қорабай Есенов, Айтбек Нығызбаев, Досымжан Таңатаров және қарағандылық әншілер де сахна төріне шығып, өнердегі үзеңгілес серіктерінің рухына әнмен тағзым етті.

Сурет облыстық мәдениет пен өнерді дамыту орталығынан

• БАЙҚАУ

Қасымның жыры – ғасырдың нұры

Қазақ әдебиетінің аласармас биігі Қасым Аманжоловтың 115 жылдығына орай «Домбырамда бір күй бар тартылмаған» атты композиторлар байқауы өтті. Байқауға қатысуға 18 композитор өтініш білдіріп, өз туындысын ұсынған екен. Онлайн іріктеу арқылы бесеуі іріктеліп, жүлделі орындарға лайық деп танылды. Марапаттау рәсімі Кеншілер мәдениет сарайында өтті.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Марапаттау рәсіміне облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей арнайы қатысып, жүлдегерлерді құттықтады және конкурстың мәні мен маңызына тоқталды.

– Байқауға қатысқан композиторларға алғыс айтамын! Бұл конкурста ешкім жеңілген жоқ деп есептеймін. Өйткені, байқауға ұсынылған әр туынды қазақтың дауылпаз ақыны Қасым Аманжоловтың шоқтығы биік шығармаларын басқа қырынан танытып, насихаттады. Бұл күн сөзсіз тарихта қалады. Осы сахнада айтылған әр ән міндетті түрде өзінің тыңдарманын табатынына және қазақ ән өнерінің дамуына, жаңғыруына үлес қосатынына сенемін. Қазылар алқасының құрамы кілең таланттармен жасақталды. Олардың сынынан өтіп, жүлде алу әсте оңай емес екені анық. Қазылар алқасының құрамына және қатысқан композиторлардың деңгейіне қарап бұл конкурстың беделі жоғары екенін аңдауға болады, – деді Әлібек Әлденей.

Қазылар алқасының құрамында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, композитор Есжан Әміров пен «Құрмет» орденінің иегері, Халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаты Гүлбаршын Тергеубекова және Мәдениет қайраткері, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі Марат Сутюшов, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі, композитор Назгүл Таңатар бар. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Композиторлар одағының төрағасы Серікжан Әбдіңұров қазылар алқасының төрағасы болды.

Қазылар алқасының шешімі бойынша қарағандылық талантты әнші, композитор Шыңғыс Сәрсенбай дипломант атанды. Оған 250 мың теңге көлемінде ақшалай сертификат табысталды. Шыңғыс Сәрсенбай Қасымның «Жаз көңіл» өлеңіне жазылған әнін шырқады. Астаналық композитор Қанат Едресов те – байқаудың дипломанты. Ол ақынның «Қарағанды» өлеңіне ән жазды.

Конкурстың жүлделі III орыны Шымкент қаласынан келген Мәди Айжановқа бұйырды. Оның да әні «Жаз көңіл» өлеңіне жазылыпты. Жүлдегерге 500 мың теңгелік сертификат табысталды.

Ал, 750 мың теңгелік сертификаты бар II орынға қарағандылық Арайлым Жүкенова лайық деп танылды. Композитор ақынның «Сарыарқа» өлеңін әнге айналдырған.

Байқаудың I орыны бүгінде есімі ән сүйер жұртқа кеңінен танылған талантты композитор Гүлмира Саринаға бұйырды. Қасымның «Шыңғыстауда» деген өлеңіне ән жазып, топ жарған талантқа 2 миллион теңгелік сертификат табысталды.

Сурет Кеншілер мәдениет сарайының баспасөз қызметінен

• ШАХМАТ

Ой додасының ордасы

Балқаш қаласындағы №12 жалпы білім беретін «Келешек» мектебінде шахмат кабинеті ашылды. Бұл бастама оқушылардың зияткерлік қабілетін арттырып, логикалық ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған.



Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты шара барысында оқушылар ән айтып, өнерлерін ортаға салды. Сонымен қатар, қатысушыларға шахмат ойынының тарихы, фигуралардың атаулары мен ойынның өзіндік ерекшеліктері таныстырылды. Жаңа кабинетте бастауыш және жоғары буын оқушыларына арналған екі топ жасақталған. Мұнда балалар шахматтың қыр-сырын меңгеріп, өз қабілеттерін шыңдай алады. Айта кетейік, мектепте шахмат үйірмесі бұған дейін де жұмыс істеп келген. Соның нәтижесінде балқаштық жас шахматшылар түрлі деңгейдегі жарыстарда топ жарып, жүлделі орындарға қол жеткізіп жүр.

Мектеп директоры Гүлзада Манатаеваның айтуынша, білім ордасында шахматқа қызығатын оқушылардың қатары көп. 2025 жылдың 1 қыркүйегінде ашылған мектепте алғашқы күндерден бастап-ақ шахмат ойынына ерекше қызығушылық танытқан балалар шоғырланған.

Оқушылардың ынта-ықыласын ескерген мектеп республикалық «Білім берудегі шахмат» жобасына қосылған. Жоба аясында бірінші сыныптан төртінші сыныпқа дейінгі оқушыларға шахмат сабақтарын ұйымдастыру көзделген. Жаңа кабинеттің ашылуы – жас ұрпақтың жанжақты дамуына жасалған тағы бір мүмкіндік. Шахмат арқылы балалар тек ойын тәсілдерін үйреніп қана қоймай, сабырлылыққа, шешім қабылдауға, алға жоспар құруға және қарсыласының әрекетін саралауға дағдыланады.

БАЛҚАШ

Сурет автордан

• САМБО

Лимасолдағы жарқын жеңіс

Кипрдің Лимасол қаласында самбодан ардагерлер арасында өткен әлем чемпионаты мәресіне жетті. Дүниежүзілік додаға 18 мемлекеттен 400-ден астам спортшы қатысып, өзара мықтыны анықтаған. Байрақты бәсекеде Қазақстан намысын қорғаған Ұлттық ұланның 6505 әскери бөлімінің әскери қызметшісі, қатардағы жауынгер Ержан Қоңыров топ жарып, әлем чемпионы атанды.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған чемпионатта ел намысын бес спортшы қорғаған. Солардың арасынан Ержан Қоңыровтың мерейі үстем болып, алтын жүлдені қанжығасына байлады. Жерлесіміз 64 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде сынға түсіп, үш белдесуінің барлығында жеңіске жеткен. Алғашқы кездесуінде болгариялық балуаннан басым түссе, жартылай финалда отандасымен белдескен. Ал, шешуші сында ресейлік спортшымен күш сынасып, ұпай айырмашылығымен жеңіске жетеді.

– Қарсыластарымның осалы болған жоқ. Әрқайсысының өзіндік күрес техникасы мен әдіс-тәсілі бар. Сондықтан, әр кездесуім оңайға соқпады. Бұл чемпионатқа тыңғылықты дайындалдым. Әсіресе, физикалық дайындыққа, төзімділікке және күрес техникасына ерекше көңіл бөлдім. Мұндай деңгейдегі жарыста тәжірибе мен психологиялық дайындықтың да маңызы зор. Қазақстанның көк Туын халықаралық аренада желбірету – мен үшін үлкен жауапкершілік әрі мәртебе. Ұлттық ұланның әскери қызметшісі ретінде еліміздің абыройын асқақтату мен үшін айрықша маңызды. Бұл жеңіс – табанды еңбек пен үздіксіз дайындықтың нәтижесі, – деді әлем чемпионы.

Сурет жеңімпаздың жеке мұрағатынан

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК

Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ

Жауапты хатшы
С.Б. ІЛИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 3 140

№132 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Аида РАХЫМҚҰЛ**